893.	очистка сточных вод глубокая	ағынды суды тереңдей тазарту
894.	очистка сточных вод естественная	ағынды суды табиғи тазарту
895.	очистка сточных вод искусственная	ағынды суды жасанды тазарту
896.	очистка сточных вод механическая	ағынды суды механикалық тазарту
897.	очистка сточных вод на био-фильтрах	ағынды суды биосүзгімен тазарту
898.	очистка сточных вод первичная	ағынды суды бастапқы тазарту
899.	очистка сточных вод химическая	ағынды суды химиялық тазарту
900.	паводок	су тасқыны
901.	весенний паводок	көктемгі су тасқын

902.	пандемия	пандемия
903.	параметр окружающей среды	қоршаған орта параметрі
904.	сейсмическая волна	сейсмикалық толқын
905.	парк природно-исторический	табиғи-тарихи саябақ
906.	парниковые газы	парниктік газдар
907.	подводящий канал	жеткізуші арна
908.	поддержание экологического равновесия	экологиялық тепе-теңдікті қолдау
909.	подземные воды	жерасты суы
910.	подземный орган	жерасты органы
911.	полоса лесная полевая защитная	егістік қорғайтын орман жолағы
912.	пользование лесом побочное	орманды жанама пайдалану
913.	пользование природными ресурсами	табиғи ресурстарды пайдалану
914.	пояс климатический	климаттық белдеу
915.	пояс природный	табиғи белдеу
916.	пояс растительности	өсімдік белдеуі
917.	права человека экологические	адамның экологиялық құқығы
918.	права экологические	экологиялық құқық
919.	правила экологические	экологиялық ережелер
920.	предгорная равнина	тау баурайы жазығы
921.	преобразование природы	табиғаттың өзгеруі
922.	пресная вода	тұщы су
923.	пресноводные экосистемы	тұщы су экожүйелері
924.	преступление экологическое	экологиялық қылмыс
925.	система мероприятий по защите леса	орманқорғау іс-шаралары жүйесі
926.	подошва платины	бөгет табаны
927.	подпор воды	суды тежеу
928.	подъем уровня воды	су деңгейінің көтерілуі
929.	потери воды	су ысырабы
930.	пропуск паводка	тасқынды өткізу
931.	прилив красный	қызылсудың толысуы
932.	приливно-отливные течения	тасу-қайту ағыстары

933.	природа	табиғат
934.	природа дикая	жабайы табиғат
935.	природа живая	жанды табиғат
936.	природная среда	табиғи орта
937.	природная чрезвычайная ситуация	табиғи төтенше жағдай
938.	природно-антропогенный объект	табиғи антропогендік объект
939.	природное наследие	табиғи мұра
940.	природно-ресурсный потенциал территории	аумақтың табиғи ресурстық әлеуеті
941.	природно-техногенная катастрофа	табиғи-техногендік апат
942.	природные воды	табиғи сулар
943.	природные зоны	табиғи аймақтар
944.	природные комплексы	табиғи кешендер
945.	природные объекты	табиғи объектілер
946.	трансграничное загрязнение	трансшекаралық ластану
947.	система общество-природа	қоғам-табиғат жүйесі
948.	природные ресурсы континентального шельфа	құрлықтық қайраңның табиғи ресурстары
949.	природные условия	табиғи жағдайлар
950.	природный каркас	табиғи қаңқа
951.	природный ландшафт	табиғи ландшафт
952.	природный национальный парк	табиғи ұлттық саябақ
953.	природный пожар	табиғи өрт
954.	природный район	табиғи аудан
955.	природный территориальный комплекс	табиғи аумақтық кешен
956.	природный фон	табиғи фон
957.	природоведение	табиғаттану
958.	природоохранное направление рекультивации земель	жерлерді қайта қалпына келтірудегі табиғат қорғау бағыты
959.	природоохранные нормативы окружающей среды	қоршаған ортаның табиғат қорғау нормативтері

960.	природоохранные организации	табиғат қорғау ұйымдары
961.	природоохранные требования	табиғат қорғау талаптары
962.	природопользование	табиғат пайдалану
963.	природопользование нерациональное	табиғатты ұтымсыз пайдалану
964.	природопользование рациональное	табиғатты ұтымды пайдалану
965.	природопользование рекреационное	табиғатты рекреациялық пайдалану
966.	природопользователь	табиғат пайдаланушы
967.	приток реки	өзен саласы
968.	приток воды	судың келуі
969.	проба воды	су сынамасы
970.	проба воздуха	ауа сынамасы
971.	прогноз использования природных ресурсов	табиғи ресурстарды пайдалануды болжау
972.	прогноз погоды	ауа райы болжамы
973.	прогноз экологический	экологиялық болжам
974.	прогнозирование качества воды	судың сапасын болжау
975.	прогнозирование экологическое	экологиялық болжау
976.	программа экологическая	экологиялық бағдарлама
977.	программа экологической маркировки	экологиялық таңбалау бағдарламасы
978.	продуктивность экосистем	экожүйелер өнімділігі
979.	продукция биологическая	биологиялық өнім
980.	проектирование экологическое	экологиялық жобалау
981.	прозрачность атмосферы	атмосфераның мөлдірлігі
982.	прозрачность воды	судың мөлдірлігі
983.	производитель отходов	қалдықтарды өндіруші
984.	производительность экологическая	экологиялық өнімділік
985.	производственные отходы	өндірістік қалдықтар
986.	промысел морской	теңіз кәсіпшілігі
987.	промысел охотничий	аңшылық кәсіпшілік

988.	промысел пушной	бағалы тері кәсіпшілігі
989.	промысел рыбный	балық кәсіпшілігі
990.	промышленная вода	өнеркәсіптік су
991.	промышленная чистота	өнеркәсіптік тазалық
992.	промышленная экология	өнеркәсіптік экология
993.	промышленные отходы	өнеркәсіптік қалдықтар
994.	промышленные зоны	өнеркәсіптік аймақтар
995.	пропуск воды	суды жіберу
996.	процессы экзогенные	экзогенді процестер
997.	процессы экорегулирующие	экореттеуші процестер
998.	радиоактивное загрязнение	радиактивті ластану
999.	радиоактивное загрязнение поверхности	жер бетінің радиактивті ластануы
1000.	радиоактивность воды	судың радиактивтілігі
1001.	разведение животных	жануарларды өсіру
1002.	разведка подземных вод	жерасты суын барлау
1003.	размер экосистемы	экожүйе көлемі
1004.	разнообразие биологическое	биологиялық алуантүрлілік
1005.	рацион кормовой	жемшөп рационы
1006.	рациональная технология	ұтымды технология
1007.	рациональное использование земель	жерді ұтымды пайдалану
1008.	рациональное использование ресурсов	ресурстарды ұтымды пайдалану
1009.	уровень экологического сознания	экологиялық сана деңгейі
1010.	условия метеорологические	метеорологиялық жағдайлар
1011.	экологическая политика	экологиялық саясат
1012.	экологическая проблема	экологиялық проблема
1013.	Экологический кодекс	Экология кодексі
1014.	экологический контроль	экологиялық бақылау
1015.	экологический мониторинг	экологиялық мониторинг
1016.	экология эволюционная	эволюциялық экология
1017.	экологический кризис	экологиялық дағдарыс
1018.	экополитика	экосясат

1019.	экосфера	экосфера
1020.	экотехника	экотехника
1021.	экспансия экологическая	экологиялық экспансия
1022.	экспертиза инженерно-экологическая	инженерлік-экологиялық сараптама
1023.	экспертиза экологическая	экологиялық сараптама
1024.	эксплуатация гидромелиоративной системы	гидромелиорациялық жүйені пайдалану
1025.	эпидемиологическая лаборатория	эпидемиологиялық зертхана
1026.	эпидемиология	эпидемиология
1027.	эпидемический процесс	эпидемиялық процесс
1028.	этноэкология	этноэкология
1029.	этноэкосистема	этноэкожүйе
1030.	стандарт экологический	экологиялық стандарт
1031.	животные	жануарлар
1032.	дикие животные	жабайы жануарлар
1033.	домашние животные	үй жануарлары
1034.	бродячие животные	қаңғыбас жануарлар
1035.	бездзорные животные	қараусыз қалған жануарлар
1036.	служебные животные	қызметтік жануарлар
1037.	экспериментальные (лабораторные) животные	эксперименттік (зертханалық) жануарлар
1038.	жестокое обращение с животными	жануарларға қатыгездікпен қарау
1039.	стерилизация животных	жануарларды стерилдеу
1040.	эвтаназия животного	жануарды эвтаназиялау
1041.	владелец животного	жануардың иесі
1042.	служба отлова животных	жануарларды аулау қызметі
1043.	приют для животных	жануарларға арналған панажай
1044.	реабилитационный центр для животных	жануарларға арналған оңалту орталығы
1045.	место содержания животных	жануарды ұстау орны
1046.	выпас скота	мал жаю

1047.	выгул домашних животных	үй хайуандарын серуендету
1048.	самовыгул домашних животных	үй хайуандарының өз бетінше жүруі
1049.	бой животных	жануарлар төбелесі
1050.	увечье животных	жануарлардың мертігуі
1051.	ответственное лицо животного	жануарға жауапты адам
1052.	передвижной зверинец	жылжымалы хайуанатхана
1053.	зоологическая гостиница	зоологиялық жатынжай
1054.	зоологический питомник	зоологиялық тәлімбақ
1055.	контактный зоопарк	жанаспалы зоопарк
1056.	учет домашних животных	үй жануарларын есепке алу
1057.	животные-компаньоны	компаньон-жануарлар
1058.	позвоночные животные	омыртқалы жануарлар
1059.	помещение	орынжай

ӨЗГЕ ТІЛДЕ ЖАЗАТЫН ҒАЛЫМ ЕШҚАШАН ҚАЗАҚША ТЕРМИН ЖАСАМАЙДЫ

ШЕРУБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,

*ҚР ҰҒА академигі, «Астана» халықаралық қаржы орталығы
Әкімшілік департаменті директорының орынбасары,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамуының бастауы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Бүгінгі қазақ тілінің ғылым тіліне айналуының негізгі алғышарттары қандай? Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың қандай тәсілдері бар? Өзге тілден енген терминдерге қазақ тілінде балама табу мүмкін бе? Міне, осы және өзге де мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, сөз алмасам, сөз жасам үдерістерінің тіліміздегі көрінісі жайлы сөз қозғасақ.

Бүгін ағылшын тілін меңгерген кейінгі буын қазақ тіліне шорқақ. Тәуелсіздік кезеңінде тілімізге көптеген ағылшын сөздері енді. Осы сөздердің арасынан тінтуір (mouse), ғаламтор (Internet), бейімдеуіш (adapter), кондиционер (ауабаптағыш) сияқты бірлі-жарым, азын-аулақ сөздер ғана қазақ тіліне аударылды. Дегенмен олар да әлі жаппай қолданылатын сөздер қатарына қосыла қойған жоқ. Кірме сөздің балама нұсқасы ретінде қатар қолданылып, жарыса жұмсалып жүр. Ал қалған көп бөлігі аударылмай алынды. Мысалы, адвайзер (эдвайзер), админ, байт, бан, баннер, барби, бейджик, бестселлер, бизнес-коуч, бизнес-класс, бизнес-ланч, билборд, блендер, блогер, блокбастер, бойлер, боулинг, браузер, бренд, брифинг, брокер, букинг, бургер, вайн, вай-фай, вебинар, веб-сайт, гамбургер, гангстер, гугл, джокер, диджей, дизайнер, дилер, допинг, имидж, интернет, картридж, кастинг, кэш, кэшбэк, кейс, кластер, клип, консалтинг, кофе-брейк, круиз, кроссовер, маркетинг, мем, менеджер, месседж, минивен, ок, онлайн, офис, офшор, паркинг, паркомат, парктроник, пентхаус, пиар, пин-код, плей-офф, подкаст, рейд, рейтинг, рейдер, роуминг, рэкет, селфи, сенсор, скан, скайп, смартфон, слайд, сноуборд, тендер, тренинг, тренд, троллинг, файл, фейк, флешмоб, флеш-карта, хайп, хакер, хейтер, хит, хэштег, чат, челлендж, чип, шоу, шоу-бизнес, шоумен, экстрадиция, экшн және т.б. Осылай жалғасып кете береді.

Бұл деректер ағылшын сөздерін түпнұсқадан аударуға, оларға балама болатын жаңа сөз жасауға ниет те, айтарлықтай талпыныс та жоқ екенін көрсетеді. Оның себебі не дерсіз? Біріншіден, бізде түпнұсқа тілден сөзді тікелей алу (оның ішінде ағылшын тілінен де), аудару, оларға бірден балама ұсыну дәстүрі

қалыптаспаған. Екіншіден, кеңестік кезеңнен бері мамандар арасында: «Шет тілі сөздерін, терминдерді аударудың қажеті жоқ», – деген түсінік орныққан. Үшіншіден, «Түйенің танығаны – жапырақ» дегендей, біздің ғылыми қауым, сала мамандары негізінен сөз, термин алатын донор тіл ретінде орыс тілін ғана танып үйренген. Осы кеңестік дәстүр әлі бұзылған жоқ. Оған жоғарыда келтірілген ағылшын сөздері нақты дәлел бола алады. Аты ағылшын сөзі болмаса, олардың бәрі бізге орыс тілі арқылы, орыс тіліндегі жазылуы бойынша еш өзгеріссіз еніп отыр. Төртіншіден, жаңа сөз жасау – тілді жетік білуді, шеберлікті, көп ізденісті керек ететін машақаты көп жұмыс. Оған екіншісі бірі бара бермейді. Көп уақыт жоғалтып, індетіп іздене бермейді. Одан гөрі бас қатырмай дайын терминді шет тілінен ала салған оңай. Онымен қоса жаратылыстану ғылымдарының көптеген салаларында қазақ тілінде ғылыми еңбек жазатын, аудармамен айналысатын, термин жасайтын мамандар өте аз. Жаңа термин жасағанның өзінде оларды қолданатын орта, қолдап ғылыми айналымға енгізетін мамандар да көп емес. Орыс тіліне қарағанда ағылшын тілін білетіндер әлдеқайда аз әрі ағылшын тілін меңгерген кейінгі буынның көпшілігі қазақ тіліне шорқақ. Осы және басқа да себептермен ағылшын сөздері лек-легімен орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп жатыр.

Негізі орыс тілінің өз жағдайы да осыған ұқсас. Саммит, фристайл, брифинг, киллер, спринт, байкер, пати, лузер, бойфренд, ресепшн, рейтинг, электорат, холдинг, импичмент, имиджмейкер, спичрайтер, рецессия, маркетинг, лизинг, ритейл, прайс-лист, дистрибьютер, дилер, бизнесвумен, промоутер, чизбургер, фишбургер, пудинг, фреш, сэконд хэнд, дисконт, дайвинг, серфинг тәрізді жүздеген ағылшын сөздері орыс тіліне де еніп кетті. Бұл аталған сөздердің де көбі бізге келді. Делдал тіл арқылы ағылшын сөздерін қабылдау үдерісі әлі де жалғасып жатыр.

Ресейдің де филолог ғалымдары мен түрлі сала мамандары: «Ағылшын сөздері орыс тілін жаулап жатыр», – деп жиі жазып, дабыл қағып келеді. Керісінше, «Бұл – табиғи үрдіс. Интернетте, ғылым мен технологияда кең тараған ағылшын сөздерін алудан қашып құтыла алмаймыз. Ағылшын сөздерін дайын қалпында қабылдағанымыз дұрыс», – деген тұжырымға табан тірейтін мамандар да бар. Қысқасы, бұл жағынан жағдайымыз ұқсас. Айырмашылығы – олар терминдерді Еуропа тілдерінен тікелей алып, өз тілдеріне бейімдеп қабылдап жатса, біз оны да істемей бұрынғыдай шет тілі терминдерін орыс тіліндегі қалпында өзгертпей көшіріп келеміз.

Аудармашылар мен журналистер, сала мамандары мен кеңсе қызметкерлері, филологтар, зерттеушілер мен сөздік түзушілер, бір сөзбен айтқанда, тілді қолданушылар тілдің лексикалық қорында болып жатқан жаңалықтарды,

шет тілі сөздерінің, терминдердің түрлі баламаларын біліп, олардың ұтымды жасалғандарын кәсіби қызметінде, тілдік қарым-қатынас кезінде ретіне қарай пайдаланғысы келеді. Екінші жағынан, жаңадан туындап жатқан мұндай жаңа атаулардың ар жағында «сан түрлі мамандық иелерінің тілін дамытуға, оның сөздік қорының баюына үлесімді қоссам» деген игі ниеттен жасалған шығармашылық ізденістері жатыр. Міне, сондықтан да көп елдің тілінде жаңа сөз жасауға, ал жасалған сөздерді уақтылы жиып-теріп, оларды сұрыптап, сараптан өткізіп отыруға ерекше мән беріледі. Бізде де бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар, ізденіп жүрген мамандар аз да болса бар. Алайда бұл жұмысты жекелеген адамдар ғана емес, тілдің лексикалық, терминологиялық қорын жетілдіріп отыруға жауапты органдар мен ғылыми мекемелер де жүйелі түрде жүргізуі қажет.

Жаңа жасалған сөздер тілдік қолданысқа еніп, тіл тұтынушыларының игілігіне айналуы үшін, ең алдымен, олар тіл нормасына сай, ұғымды дәл бейнелейтіндей жақсы жасалғаны жөн. Екіншіден, мамандар, осы іске жауапты ғылыми мекемелер мен ресми органдар барлық жаңа атауларды дер кезінде жинақтап, түгендеп, сараптан өткізуі қажет. Үшіншіден, електен өтіп, іріктеліп алынған терминге қойылатын талаптарға, тілдік нормаға сай жасалған атауларды тиісті нормативтік сөздіктерге енгізіп, арнаулы басылымдарда жариялап, газеттер мен сайттарда жұртшылыққа кеңінен таныстырып, бірізді қолданылуына мүмкіндік туғызғаны жөн. Бұл – өте маңызды да қажет жұмыс. Сонда олардың қолданушыларға қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, бірқолданымдық окказионал атау болып, жеке авторлар еңбектерінде қолданылып, қалтарыста қалып қоймай, көпшілікке кең танылып, жалпы айналымға енуіне жол ашылады. Тілдегі үдерістер уақтылы қадағаланбаса, жүйесіздік пайда болады.

Тіл – жалпы халыққа ортақ құрал. Оны сол тілде сөйлейтін барлық адам тұтынып қана қоймайды, әркім қал-қадерінше өз тілінің дамуына үлесін де қосқысы келеді. Сондықтан кірме сөздерге түрлі мамандық иелері, кез келген тіл тұтынушысы өз баламасын ұсына алады. Оны шектеу, оған тыйым салу мүмкін емес. Бірақ «Сонда да солардың бар таңдамасы» демекші, кім жасағанына қарамастан ұсынылған нұсқалардың ішінен ең ұтымды жасалғанын таңдап, іріктеп алып, қолданысқа соны енгізу қажет. Сонда ғана сөз сапасы артады, мағына дәлдігіне қол жеткіземіз. Сондай-ақ әр істің жай-жапсарын жақсы білетін, белгілі бір кәсіпке маманданған сала маманының болатынын да естен шығаруға болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде негізгі жауапкершілік сөзді зерттейтін, сөзжасам, терминжасам мәселесімен кәсіби түрде айналысып жүрген тіл мамандарының мойнында. Тілдің лексикалық қорының

даму үрдісін үздіксіз қадағалап, кірме сөздерді игерудің лингвистикалық, әлеуметтік-психологиялық қырларын зерттеп, жасалған жаңа атаулардың сапасын, тілдік нормаға, сөздің әуез, әдеп (этика-эстетикалық) талаптарына сай болуын анықтау, ең сәтті жасалған атауды іріктеп алу солардың кәсіби міндеті. Сол себепті жалпы тілдің дамуын, қолданысын, соның ішінде сөзжасам мен шет тілдерінен сөз қабылдау ісін уақыттың еншісіне қалдырып, өз еркіне жіберуге болмайды. Тіл білімі, оның әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, лексикология, терминология, жаңаттану (неология), сөзжасам, термин-жасам және тілаларлық коммуникация сияқты салалары, осы сала мамандары ұлт тілінің лексикалық, терминологиялық қорының дамуы мен қалыптасуына және оның сапалы болуына жауапты. Егер ғылымның осы салалары кенже қалып, сала мамандары тілде болып жатқан сөзалмасым, сөзжасам үдерісін уақтылы зерттеп, қадағалай алмай қалса, онда бұл іске әркім араласып, тілді нормалау, қалыптандыру (кодификация), түрлі сала мамандары тарапынан ұсынылған балама нұсқалардың ең сапалысын таңдап алып қолданысқа енгізу, жаңа сөз туғызу, кірме сөздерді игеру мен терминдерді біріздендіру жұмыстарында іркіліс, жүйесіздік пайда болады. Бізде бұл тұрғыда ізденістермен бірге іркілістер де, жетістіктер мен кемшіліктер де бар. Тіл мамандарына, өз саласының терминдерін, терминдер сөздіктерін жасап жүрген сала мамандарына бұл бағытта атқаратын істер әлі өте көп. Қазақша балама ұлттық терминқорды төл атауларымызбен байытады.

Негізі «неологизм» – неос (жаңа) және логос (сөз) деген екі сөздің бірігуі арқылы жасалған атау. Біздің тілімізде «неологизм» терминінің баламасы ретінде «жаңа сөз», «жаңа атау» нұсқалары көптен қолданылып жүр. Осындай жаңа сөздерді зерттейтін саланы «неология» деп атайды. Тіліміздегі қолданысы біршама орныққан «жаңа атау» тіркесін негізге ала отырып, оның ықшамдалған нұсқасын жасауға да болар еді. Мысалы, неологизмді – жаңат («жаңа атау» тіркесін ықшамдап, кіріккен сөз жасау жолымен) ал неологияны – жаңаттану деп атауға болады.

Ал шет тілдері сөздерін қазақ тіліне аудару мәселесіне келсек, барлық кірме сөзді, терминді жаппай аудару мүмкін емес. Өйткені олардың арасында баламасыз лексика, кісі есімдері, арнаулы брендтер, номендер мен таңба терминдер сияқты аударуға келмейтін де сөз түрлері болады. Ондай сөздерді аудармай-ақ ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, өз тіліміздегі дыбыстардың тіркесімділік қабілетін ескеріп, соған бейімдеп те сіңіруге болады. Мәселен, бұрын: бөкебай, болыс, кәмпит, кереует, бәтінке, бөтелке, пәуеске, ояз, үстел, самаурын, жандарал деп алсақ, кейінгі жылдары: Бейжің, Мәскеу, бәнкі, зауыт, пойыз, стансы, мәшине, мәйкі, мәнет, нөмір, кәстөм, пәлте,

пәлсапа, кәстрөл, пошта, рөл, сөтке, тәрелке, учаске, шопыр, шөтке сияқты бірқатар сөздер қазақтың айт мәнеріне икемделген қалпында емле сөздігіне енді.

Аударып алуға болатын сөздерге де түгелдей ұлт тілінен балама табу оңай емес. Қазақша балама табу – ерінбей-жалықпай ізденуді, кәсіби біліктілікті, шеберлікті қажет ететін өте жауапты жұмыс. Оның үстіне, кеңестік кезеңде «шет тілі сөздеріне балама іздеуден гөрі оларды орыс тіліндегі нұсқасында қабылдаған дұрыс» деген ұстанымға басымдық берілді. Үш-төрт ұрпақ шет тілінен сөз алуда осы ұстанымды басшылыққа алып келгендіктен, олардың санасында «терминдерді шет тілінен өзгеріссіз қабылдау керек» деген түсінік берік қалыптасып, өзге тілдің сөздерін солай қабылдауды дәстүрге айналдырды. Сондықтан, жоғарыда айтқанымыздай, бізде түрлі сала мамандары арасында «жаңа сөз жасаудан гөрі, біреудің жасаған дайын атауын алып пайдалана беру тиімді» деген көзқарастағы адамдар көбірек ұшырасады. Тіпті аударуға болатын, аудару қажет болып тұрған терминдерді де қазақшалауға қарсы, қазақша жасалған атауларды қолданғысы, қабылдағысы келмейтіндер де бар. Бұлай біржақты қарауға да, бүкіл шет тілі сөздерін жаппай қазақшаға аудару қажет деп кесіп айтуға да болмайды. Ұлт тілінің ішкі мүмкіндігі, мамандардың кәсіби білімі жетіп тұрса, аударуға болатын шет тілі сөздеріне қазақша балама тапқан орынды. Ондай атаулар сөздік құрамды, ұлттық терминқорды төл атауларымыз негізінде байытады. Ендеше ұғым мазмұнын, сөз мағынасын дәл беретін ұтымды атаулар жасаудан қашпаған жөн. Алайда өзге тілдер сөздерінің бәрін қазақшалау қажет деп, аударуға көнбейтін сөз түрлеріне балама ұсынып, сәтсіз жасалған шалажансар сөздерді тықпалаған да орынсыз. Одан ұтарымыз шамалы. Түйіндеп айтқанда, қай сөзді аударып, қайсысын аудармау керек екенін де, жаңаттардың сапалы жасалғандарын да танып, ажырата білген жөн.

Оның бәрін тізіп шығу мүмкін болмас. Мәселен, түрлі халықтар тілдеріндегі жалқы есімдер. Жер-су, мемлекет, қала атаулары, кісі есімдері, түрлі газет-журнал, компания, зауыт-фабрика және т.б. атаулары. Түрлі техника, көлік маркалары мен олардың брендке айналған атаулары, сан алуан номенклатуралық атаулар, синус, косинус, тангенс, котангенс тәрізді сала терминдері, қысқарған сөздер. Айталық, F-16, МИ-8, СУ-32, ТУ-154 немесе, iPad, Apple, iPhone 13, MacBook Pro, GALAXY A51, Mercedes, Audi A8, Toyota және т.б. Сондай-ақ әр халықтың өзіне ғана тән өзге тілдерге аударылмайтын баламасыз лексика бар. Қазақтың айналайын, домбыра, жетіген, қоржын, торсық, саба, күлдіреуіш, адалбақан, терме, айтыс, наурыз көже, киіт, құдағи жүзік, қымыз, тұсаукесер, шілдеhana, беташар сияқты этно-мәдени лексика-

сын туыстығы жоқ үнді-еуропа тілдеріне сипаттап қана бермесе, дәл аудару өте қиын. Мұндай сөздер әр тілде бар.

– Біз 2019 жылы қазақ тіліндегі «Кіріме сөздер» сөздігін жарияладық. Онда 9 мыңға жуық кіріме сөз қамтылды. Бірақ онда қазақ тіліне әр кезеңде қамтылған араб, парсы, грек, латын, ағылшын, неміс, француз, испан, орыс, қытай, моңғол, португал, итальян сөздері қамтылды. Алайда ол сөздікке ғылымның түрлі салаларында қолданылатын, тек мамандарға ғана таныс, кең тарампаған кіріме терминдер алынбады. Сіз сұрап отырған кезеңде шет тілдерінен қанша сөз енгені жөнінде нақты мәлімет әзірге жоқ.

Ал семантикалық тәсіл мен қосымшалар арқылы қазақ тілінде жасалған жаңа атаулар саны 90-жылдардан бергі кезеңде едәуір артты. Осы аталған кезеңде БАҚ-та қолданылған жаңа атаулар мен қолданыстарды жинап, біз жинақ түрінде жүйелі түрде жариялап келдік. Осы уақытқа дейін жасалған жаңа сөздерді қамтыған ондай жинақтар 1996, 2009, 2012, 2017 жылдары жарыққа шықты. Осы төрт кітапта қамтылған атаулар мен түрлі ғылым салаларындағы оқулықтар мен сөздіктерге енген жаңа терминдерді қосып, сөздік даярлап тағы да баспаға ұсындық. Аталған кезеңде жасалған жаңа атаулар осы сөздікте толығырақ қамтылады.

Қазіргі кезеңдегі шет тілінен еніп жатқан терминдердің басым бөлігі – ағылшын сөздері. Неміс, француз, испан сөздері де бар. Бірақ олардың үлесі аз. Түрік тілінен ұшақ (самолет) тәрізді бірді-екілі сөз қабылданды. Негізінен кіріме сөздер бұрынғы қалыптасқан дәстүр бойынша орыс тілі арқылы еніп жатыр. Тілімізге араб тілінен ертеректе еніп, қолданысы әбден орныққан кейбір діни атауларды қайтадан өзгертіп, түпнұсқаға жақындатуға ұмтылушылар да бар. Мәселен, Аллаһ, машаллаһ, иншаллаһ, әлхамдулиллаһ, «бидғат», «ширк», халал, мәкрүһ ақи, ифтар және т.б. Бұл үрдісті де қолдаудың негізі бар дей алмаймыз. Ғылым тілі қазақша болсын десек, қазақтілді кадрлар даярлауға шындап кірісу керек. Шет тілінен кірген жаңа терминдерді мақсатты түрде қазақшаға аударумен айналысып отырған мекеме немесе арнайы жасақталған мамандар тобы жоқ. Бұл іспен ғылым мен техниканың әр саласында өзінің жүрек қалауымен айналысып, терминдерді жасап немесе терминдер сөздігін түзіп жүрген жекелеген мамандар ғана бар. Олар көп емес. Ғылымның барлық саласында қазақша еңбек жазатын, дәріс оқып, ғылыми баяндама жасайтын ғалымдар, сала мамандары шоғыры қалыптасып, қазақ тілі ғылым тілі ретінде ғылымның барлық салаларында кеңінен қолданылғанда ғана бұл мәселе дұрыс шешіледі. Әзірге гуманитарлық ғылымдар саласында болмаса, жаратылыстану, техника ғылымдары саласында ондай қазақша ғылыми еңбек жазатын ғалымдар саны

көп болмай тұр. Еңбегін басқа тілде жазатын ғалым ешқашан қазақша термин жасамайды, қазақша терминдерді де қолданбайды. Ғылым тілі қазақша болғанын, терминқорымыздың ұлт тілінің сөздері негізінде қалыптасқанын шынымен қалайтын болсақ, білім беру жүйесі қазақтілді ғылыми кадрлар даярлауға шындап кірісіп, мақсатты жұмыс атқаруы керек. Олай етпесек, кеңестік дәстүр жалғасып кете береді.

Ол – 2014 жылы Терминком мақұлдап, Мәдениет және спорт министрлігі жарыққа шығарған 30 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі. Бұл сөздікте қамтылған терминдер саны төмендегідей: барлық термин саны, пайызы – 680745 (100%); қазақ тіліндегі термин саны, пайызы – 389635 (57,24%); шет тілдерінен орыс тілі арқылы енген термин саны, пайызы – 263594 (39,98%); орыс тілінен енген термин саны, пайызы – 2138 (0,31%); гибрид терминдер саны, пайызы – 16798 (2,47%) (Мәлімет С. Құлмановтан алынды).

Жекелеген авторлар тарапынан 30-томдықтан өзге де қомақты сөздіктер жарияланды. Мысалы, Орысша-қазақша қазақша-орысша пошта терминдерінің сөздігі (С. Тоқсанбай. – А., 2013), Қаржы-банк терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі (С. Тоқсанбай. – А., 2015), Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі (Крейг Калхун. Нұр-Сұлтан, 2019), Оксфорд экономика сөздігі (Джон Блэк, Нигар Хашимзаде, Гарет Майлз. Нұр-Сұлтан, 2019) және т.б.

Еліміздің университеттері мен ғылыми институттарында жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктер де бар. Енді осы терминдер сөздігін жасау ісін республикалық деңгейде үйлестіру мәселесіне, олардың сапасын арттыруға баса көңіл бөлген жөн деп ойлаймыз.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНДА ЖАСАҒАН ПӘНДІК АТАУЛАРЫ

ШАПАҒАТ ЖАЛМАХАНОВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор

«Әдебиет танытқышты», жалпы А.Байтұрсынұлын мұрасын оқып-үйрену, игеру үшін әрбір атау, ұғым, термин және категориялардың мән-мағынасын, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Аталмыш еңбекте әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 57-сі (18%-і) осы күнге дейін қолданылып жүр. Ал 271-і (82%-і) қазір қолданылмайды. Оның белгілі бір сөз өнері құбылысына берілген атау, терминдері сол құбылыстардың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (керісінше емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвистикалық термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек:

- фонетикаға қатысты 108 термин (35,4%);
- лексикологияға қатысты 11 термин (3,6%);
- морфологияға қатысты 109 термин (34,9%);
- синтаксиске қатысты 64 термин (21,3%);
- жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%).

Пәндік атаулардың (терминдердің) семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалғандығын, бірді-екілі араб сөздерін (қазақ тілінің сарфы, нахуы, харіф) қолданғаны болмаса, негізінен тілімізде бұрыннан бар сөздердің мән-мағынасын жаңартып (жұрнақ, ноқат, шырай, одағай), тілімізде бұрыннан бар сөзге жұрнақ жалғау арқылы (көсем+ше, ата+у, сызық+ша, тыңдау+шы), төл сөздерімізді тіркестіріп (қос ноқат, қымқырулы толық дауысты, мендік жақ, дыбыстың танбасы) қолданғандығын көреміз. Оларда қазіргі кезде терминге қойылатын қысқалық, дәлдік, жүйелік, бір мағыналылық деген талаптарға толық жауап бермегенмен (оларды талап етудің тарихи да, ғылыми да тұрғыдан жөні жоқ), ол пәндік атаулардың шет ел тілдерінен ада болуы, калькалаудың жоқтығы – тіл тазалығын сақтаудың, тілді көшірмешілдіктен сақтандырудың айғағы. Латын тілінен калькалаудың салдарынан орыс тілінде родительный, винительный падеждердің дұрыс қойылмағандығы белгілі [1:22].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылыми тұрғыда жүйелеп жазғанға дейін басқа жүйедегі тілдерде жаза және сөйлей білумен қатар, олардың ілімімен де қаруланғанға ұқсайды. Мысалы, әлемдегі тілдерді түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл болып үшке бөлінетінін сөз етуінен оның тілдерді классификациялаудың типологиялық (морфологиялық) принципі тұрғысынан келіп отырғандығын бағамдаймыз. Сөздерді сөз таптарына топтаудағы (басқа да жіктеулеріндегі) бір ерекшелік – грамматикалық формаға лексикалық-грамматикалық мағынасына қатысты атау беруі.

Тіл атаулының мазмұндық және формалық жағы болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, тіл жүйесіне формалық (материалдық) жағын ескере отырып келген секілді. Өйткені ол тіл жүйесін дыбыстар жүйесі, сөздер жүйесі, сөйлемдер жүйесі деп бөледі, яғни лексикологияны лингвистиканың саласы ретінде қарастырмады деген сөз. Оның себебі: 1) тілдің қалыпты грамматикасын жасау үшін тілдік нақты формаларды негізге алу керек болды, 2) ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басында әлемдік лингвистикада тілдік қабаттарды формалық фактілер (фонема, морфема, синтагма) негізінде структуралық әдістің, кейіннен мектептердің (Прага, Копенгаген, АҚШ, Лондон, Ленинград, Москва), қалыптасып дамыған лингвистиканың әсері болды. Ал «Әдебиет танытқышта» сөзді көркем әдебиеттің көркемдегіш құралы сипатында қарастыруы – әдеби шығарманың стильдік жағынан сөз еткендігі. Әдебиеттанудағы стиль мен тілтанудағы стилистика мәселелері тәркіндес болғанмен, еншілес емес.

1. Әділдік үшін тағы бір ескерте кетер жайт, зат есім (нәрселердің аттары), сын есім (зат-мақұлықтың қасиетінің аттары), сан есім (есеп аттары), үстеу мен демеу (ақыры өзгермейтін сөздер), көптелу, сөз табы (сөздің бөлімі), осы уақыт, өткен уақыт, болашақ уақыт, бұйрық рай (бұйрық мағынадағы сөз) деген пәндік атауларды Ы.Алтынсарин өзінің «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку» (1879) атты еңбегінде енгізгендігін естен шығармаған жөн.

2. Араб әліпшесін қазақ тілінің дыбыстың жүйесіне ықшамдап түгел өзгерткен Ахмет Байтұрсынұлы деген жаңсақ пікір бар. «Тіл тағлымы» атты жинағында қазақ тіліндегі 17 дауыссыздың 13-і ғана араб тілі дауыссызымен сәйкес келетіндігін, 4 дауыссыз (п, ш, г, н) сәйкес келмегендіктен, өзіне дейін өзгертілгендігін ескертеді. Қазақ тіліндегі 5 дауысты (а, о, у, ы (й), е) араб тілі дауыстыларымен сәйкеспейді. Сондықтан «араб әріптерінің негіз тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп дауысты дыбыстарға да харіф арнау тиіс болғанын» ескертеді [2:170-171].

3. Баспа бетінде проф. Т.Кәкішевтің Ғ.Мүсірепов айтты деген, А.Байтұрсынұлының «Тіл теориясы» атты қолжазба күйіндегі кітабы болған

деген дерегі беріліп жүр. Қолжазба күйінде қалғандықтан: 1) бұл кітап А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерінде кездеспейді, 2) Қ.Жұбановтың 1933 жылғы «Политехникалы мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінде: «Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ұлтшыл оқығандары, алашордашылдары болды» дей келіп, «бұл уақытқа шейінгі қазақ тілін зерттеудің бәрі де... терең қарамаған... көрініп тұрған мүйістерін ғана қалпыған нәрселер. Грамматикалардың бәрі де мектеп грамматикалары ғана. Олай болса, қазақ тілін зерттеу жұмысы ...ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген» [3:118-119] деуі А.Байтұрсынұлын «ұлтшыл оқығандар», «алашордашылар» қатарына қосқанмен, ұсталып кеткенмен, әлі де көзі тірі кезінде айтылған сөзде де қазақ тілінің ғылыми грамматикасының қолға алынбағанын әділ ескертіп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлын лингвистикалық және басқа мұраларының тарихи тағлымы мен орнын зерделеу үшін:

- 1) Ахмет Байтұрсыновқа дейінгі, яғни 1908 жылға дейінгі қазақ тілі туралы ілімнің жағдайын;
- 2) Ол еңбек еткен кезеңдегі, 1908-1930 жылдардағы, ахуалды;
- 3) Ол мерт болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ лингвистикасының даму дәрежесін салғастыру қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының түркітанудың бірнеше саласының пионері екендігін зерттеу керек.

Қорыта келгенде, ағартушы-демократтар Ахмет Байтұрсынұлына дейін де болған. Олар: Абай, Ыбырай, Шоқан. Бірақ әрқайсысының өзіндік тарихи орны бөлек.

☐ Абай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлең-поэмалары, қара сөздері және қоғамдық қызметтері арқылы;

☐ Ыбырай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлеңдері, әңгімелері, оқулықтары және педагогтық қызметі арқылы;

☐ Шоқан ағартушылықты ғылым, тарих ғылымы негізінде;

☐ Ахмет ағартушылықты көркем әдебиет, ғылыми, қоғамдық және педагогтық қызметтері, оқулықтары негізінде жүзеге асырды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лоя Я.В. История лингвистических учений. –Москва: Высшая школа, 1968. – 230 с.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы: Ана тілі, 1992.-455 б.
3. Жубанов Х. Исследование по казахскому языку. –Алматы: Наука, 1966. –С.118-119.

ТҮРКІЛІК ОРТАҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БЕКЖАН ӘБДУӘЛИҰЛЫ,

Л.Н.Гумилев атындағы

*Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Термин – ғылым тілінің негізгі құралы. Оның ұлттық тілді жаңа заманға бейімдеу мүмкіндігі аса маңызды қызмет атқарады, сондықтан бұл мәселеге баса назар аудару үлкен міндеттердің бірі. Кешегі Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары қалыптастырып кеткен ұлттық терминдерден кейін лингвистика саласында ол секілді аса ауқымды жұмыстар жүзеге асырылмай келеді. Соның ішінде топонимикаға қатысты терминдердің негізгі бөлігі орыс тілі арқылы еніп, сөздік қорымыздағы төл элементтермен тең дәрежеде қолданылады. Мағыналық жағынан да, дыбыстық тұлғасы жағынан да орыс тіліндегімен бірдей. Өкінішке қарай, қазірге ғалымдар тарапынан оларды қазақ тіліне аудару туралы бастама көтере алмай отырмыз. Топонимикаға қатысты терминдер екі бағытта қарастырылады: бірі халықтық географиялық терминдер, екіншісі топонимикалық терминдер. Халықтық географиялық терминдер негізінен жер-су атауларын жасауға қатысады да сол ерекшелігі бойынша топонимдермен байланысады. Олар негізінен қазақ тілінде географиялық нысандардың түрлерін білдіреді, байырғы лексикалық бірліктерден жасалған. Халықтық географиялық терминдер лексика-семантикалық жолмен де жасалады, яғни жеке тұрған нысан бір сәтте әрі географиялық термин, әрі топоним бола алады.

Өмірдің түрлі салалары мен өндірістер дамыған сайын олар белгілі бір атаулармен аталады, онимдердің түрлері де көбейе береді. Нысан түрлері көбейген сайын топонимика да салаланып, қанатын кеңге жайып келеді. Топоним терминін осыған дейін жер-су атауы деп аудармасын қолданып келсек, қазіргі кезде тек жер-су, яғни табиғи нысандардың ғана емес, сонымен қатар адам қолымен жасалған нысандардың түрлерін де осы салаға жатқызып жүрміз. Топоним термині де әуелде 1. орын, 2. мекен, аймақ, ел. 3. кеңістік деген мағына білдірсе, қазір оның құрамына қалалар, ауылдар, қалаішілік түрлі нысандардың атаулары да кіреді. Ғылым-білімнің дамуымен бірге енді жер бетіндегі нысан атаулары, сондай-ақ аспан кеңістігіндегі нысан атаулары да топонимдердің құрамынан орын алды. Адам дүниетанымының кеңістігі ұлғайған сайын онымен бірге топонимика терминінің де қамтитын аясы

кеңейіп барады. Бұл орайда «жер-су атаулары» дейтін аударманың мағынасы жер мен көктегі нысандардың барлығын бірдей өз аясына сыйғыза алмайды. Түпкі мағынасы білдіретін ұғым-түсініктердің аясынан шығып, жаңа нысандарды да атау мүмкіндігіне ие болуына топоним терминнің тұрақты түрде, біізді қолданылуы ықпал етіп отыр. Мағынасына түрлі ақпараттарды жүктей отырып бүгіндері қолданыс аясы кеңейді, сөйтіп халықаралық термин дәрежесіне көтерілді. Келе-келе тек атауды беріп қана қоймай, оны зерттейтін ғылымды да өз аясына сіңірді, ал қазір топонимика терминінің ауқымы өте үлкен мәселелерді қамтитын ұлы кеңістікке айналды. Сондықтан «топонимика» терминінің қалыптасу тарихы мен тәжірибесіне сүйенер болсақ, терминжасамда түпкі мағынаға байланып қалу немесе термин ретінде ұсынылатын сөзге әр қырынан толық сәйкес келу талабын қою дұрыс емес. Белгілі бір ұғымды сипаттауға және атауға барлық сөздің мүмкіндігі толық жете бермейді, бірақ соған қарамай, айналысқа жіберетін болсақ, біізділік сақталса, қолданыла келе жетіліп кетеді. Басқаша айтқанда зат немесе құбылысты атау барысында олардың сипаты мен қасиеттерін бойына сіңіре отырып сөз қажетті дәрежеде толысады, яғни зат пен атау өзара теңеліп, бірін-бірі білдіру мүмкіндігіне ие болады. XX ғасыр басында ғылым тілін қалыптастыру мақсатында А.Байтұрсынұлы бастаған білімпаздар ұсынған терминдердің жасалымында да осы тілдік тәжірибенің үлкен орын иеленгенін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан термин жасау ісінде талғамымызды да төмендетіп алмай, әрі еркіндікке де жол ашуымыз керек.

Ономастиканың бір саласы антропоним термині, көне грек тілінен (anthropos 'адам' onoma 'атау') аударғанда «адам аты» деген мағына береді. Қазір қазақ тілінде кісі есімі, кісі аттары, адам аттары т.б. түрінде аударылып жүр. Алайда ғылыми термин ретінде «антропонимді» жиі қолданамыз да, аудармалары сипаттамалық қызметте ғана қалып қойып жүр. Себебі антропоним термин ретінде адамның атын, әкесінің атын, тегін, яғни фамилиясын толық қамтиды. Ал «кісі есімі» десек, әкесінің аты мен тегі қайда қалады? деп ойлаймыз. Толық қамту үшін оның орнына «аты-жөн» сөзін қолдануымызға болар еді, алайда «инициалдың» баламасы ретінде алып жүрміз. Екі тілдің ерекшелігіне және әбден қалыптасқан термин мен жаңадан ұсынылып отырған сөздің арасындағы сәйкессіздіктерге байланысты кейбір сұрақтардың туындауы заңды. Бірақ олардың бәріне бірдей жауап іздеп жату шарт емес деп ойлаймыз. Кісі есімі терминін антропонимнің орнына қолдауға болады. Үшеуі де кісі аты екенін ескерсек, тегіміз, әкеміздің аты, өз атымыз барлығы осы атаудың ішінде қамтылады. Осы түсінік тұрғысынан келгенде «антропоним» терминін «кісі есімімен» ешқандай күмәнсіз ауыстыруға болады. Алайда бұл орайда

сәл ойланатын тұс бар: сөз ыңғайына қарай «антропонимдік қор» терминін қолданғанда -дік жалғауын пайдаланып, ойды оңай жеткізуге болады. Ал оның орнына «кісі есімдік қор» деп қазақшаласақ, бұл сәл оғаштау көрінуі мүмкін. Бір сөзден тұратын айтуға ыңғайлы, түсінігімізге сіңісті болған термин мен екі сөзден тұратын, қосымшалар жалғағанда өңі өзгертін атаудың айырмашылығы бар, сондықтан сөз болып отырғандай кейбір кедергілердің ұшырасуы да заңдылық. Ондай жағдайда құрылымды басқаша жасақтауға тура келеді: кісі есімдерінің қоры.

Ономастикалық терминжасамда тағы бір ескеретін нәрсе – сөздің мағыналық мәртебесін айқындау. Осыған дейін қолданыста бірінің орнына бірі қолданылып жүрген болуы мүмкін. Сөз мағынасындағы түрлі ақпараттардың өзгешелігіне баса назар аудара отырып, олардың ара жігін ашып жаңа міндеттер жүктеу терминжасам ісінде аса маңызды. «Кісі есімі» деген тіркесті ұсына отырып, есім мен аттың айырмашылықтарын іздеп көрелік. Ат сөзін адамға да, жануарға да, жансыз затқа да қолдануға болады, ал есім сөзі олай емес, ол тек адамға ғана қатысты. Шығу тегі араб тілінен. Алланың есіміне қатысты қолданыспен бірге тілімізге енген. Кейін Есім, Есімхан, Есімбек т.б. секілді кісі есімдерінің жасалуына себеп болғаны. Бұл орайда есім мен ат сөздерінің ара жігі ашылуы тиіс, яғни ат – жалпы ономастикаға, есім – жеке антропонимге қатысты қолданылады. Сонда ономастика – атаутаным, антропонимика – есімтаным болып аударылады.

Терминтаным бойынша қазақ тіл білімінде біршама ізденістердің болғаны белгілі. Ұзақ уақыт бойы көптеген зерттеулердің жарық көргеніне қарамай, терминжасам немесе термин қабылдау мәселесінде біз Ахмет Байтұрсынұлының қай заманда да өзгермейтін принциптеріне жүгінеміз. Ұлы ғұлама тілдің термин жасауда бар мүмкіндігін пайдалану, болмағанда туыстас тілдерден алу, оларда да болмағанда жат тілдерден тіліміздің заңдарына сәйкестендіре алу принципін ұсынып кетті. Ономастика терминдерінің қазақшалануы мен нормалануы бойынша біздің аса үлкен жетістіктерге қол жеткізбегеніміз белгілі, оның түрлі себептері бар екенін де білеміз. Енді осы олқылықтың орнын толтыру үшін түрлі жолдарды қарастырамыз. Соның бірі А.Байтұрсынұлы ұсынған екінші принципке сәйкес туыстас түрік ғалымдарының бұл бағытта атқарып жатқан жұмыстарына назар аударып көрелік.

Ономастикалық атауларды түрікшелеу тәжірибесі

Adbilim (адбилим) – онамастика.

Özel ad (Өзел ад) – оним (жалқы есім).

Tür adı (Түр ады) – апелятив (атауға негіз болған сөз. Мысалы, әсем, бота, ғалым).

Özelleşme (Өзеллешме) – Онимдену (жалпы есімнің жалқы есімге айналуы. Мысалы: терек – жалпы есім; Терек – ауылдың аты)

Türleşme (Түрлешме) – апелятивтену (бейонимдену, жалқы есімдердің жалпы есімге айналуы)

Genel Adbilim (Генел Адбилим) – жалпы ономастика

Özel Adbilim (Өзел Адбилим) – жеке ономастика

Rüzgaradı (Рүзгарады) – Rüzgaradbilim (Рүзгарадбилим) – анемоним (түрік тілінде Rüzgar – жел. Анемоним – зілзала атауы, соның ішінде жел, дауыл, циклон, тайфун атаулары)

Kişiadi (Кишиады) – Kişiadbilim (Кишиадбилим) – антропоним

Yıldızadı (Йылдызады) – Yıldızadbilim (Йылдызадбилим) – астроним

Belgeadi (Белгеады) – Belgeadbilim (Белгеадбилим) – документоним (күжат атаулары)

Örgütadı (Өргүтады) – Örgütadbilim (Өргүтадбилим) – эргоним (ұйым атаулары)

Kökadı (Көкады) – Kökadbilim (Көкадбилим) – этноним (тамыр, түбір – тайпа атаулары)

Bitkiadi (Биткиады) – Bitkiadbilim (Биткиадбилим) – фитоним (өсімдік атаулары)

Eseradı (Есерады) – Eseradbilim (Есерадбилим) – хрематоним (материалдық мәдениет атаулары, соның ішінде қару-жарақ, музыкалық аспап, зергерлік заттар атауы)

Zamanadı (Заманады) – Zamanadbilim (Заманадбилим) – хрононим (белгілі бір тарихи кезең атаулары)

Gökadı (Гөкады) – Gökadbilim (Гөкадбилим) – планетоним (ғарыш атаулары)

Yeradı (Йерады) – Yeradbilim (Йерадбилим) – топоним (жер-су атаулары)

Kentlikadı (Кентликады) – Kentlikadbilim (Кентликадбилим) – ойконим (елдімекен атаулары)

Hayvanadı (Хайванады) – Hayvanadbilim (Хайванадбилим) – зооним (хайуанат атаулары)

Осы мысалдардан түрік терминжасамындағы төмендегідей бірнеше ерекшелікті байқаймыз:

1. Түрік тіліне аударып алуға назар аударады. Мысалы, Özel ad – оним (жалқы есім), Tür adı – апелятив (атауға негіз болған сөз). Осыдан шығарып, түбірге қосымшалар жалғап, özelleşme (онимдену), türleşme (апелятивтену) деп түрікшелеп алады. Қазақ ономастикасында бейонимдену, апелятивтену, деонимдену деп аударып жүрміз, оның орнына жалқылану (онимдену), жалпылану (апелятивтену) деп қолдансақ дұрыс болар еді.

2. Онимнің түрікшеленген нұсқасы «ад» сөзіне тәуелдік жалғауы жалғанады, бірге жазылады, бір ұғым ретінде танылады: Yıldızadı. Ал осы саланы зерттейтін «астронимика» терминін бергенде «-ы» қысқарып қалады да «Yıldızadbilim» деген сөз айтуға ықшамдалып алынады. Бұл терминжасамның тамаша бір үлгісі. Ілгеріде аталған Adbilim (атаутаным), belgeadbilim (кұжат аттаным), bitkiadbilim (өсімдік аттаным), eseradbilim (материалдық мәдениет аттаным – матермәд аттаным), gökadbilim (аспан аттаным), hayvanadbilim (жануар аттаным), kentlikadbilim (мекен аттаным), kişiadbilim (кісі аттаным), kökadbilim (зілзала аттаным), örgütadbilim (ұйым аттаным), rüzgaradbilim (зілзала аттаным), yeradbilim (жер аттаным), yildizadbilim (аспан аттаным), zamanadbilim (уақыт аттаным) секілді терминдердің барлығы бірдей үлгімен жасалған. Түрік тіліндегі аударма терминдерді негізге ала отырып, бізге де біршама жаңа үлгілер жасауға болар еді. Соның бірі «билим» сөзінің орнына «танымды» қолдануымызға болады. Мысалы, ономастиканы «атаутаным», антропонимді «кісі аты», антропонимиканы «кісі аттаным», зоонимді «хайуанат», зоонимиканы «хайуанаттаным», документонимді «кұжат аты», документонимді «кұжат аттаным», фитоним «өсімдік атауы» фитонимиканы «өсімдік аттаным», астронимді «аспан атаулары», астронимика «аспан аттаным», зоонимді «жануар аты», зоонимика «жануараттаным», ойконим «елдімекен аты», ойконимика «елдімекен аттанымы», анемоним «зілзала атауы», анемонимика «зілзала аттаным», уақыт аттаным «хоронимика» т.б.

3. Терминжасамда сөздің белгілі бір ерекшелігі басшылыққа алынады да, сол сөзге қосымша мағына үстеліп, термин ретінде қолданысқа беріледі. Мысалы, астроним - Yıldızadı – деп аударылады. Таңдалған терминнің мағынасы тар, себебі астроним аясында тек жұлдыз ғана емес, ай, күн, т.б. да планеталар кіреді. Бірақ тілдік танымда йылдызады астроним терминінің баламасы ретінде қабылданады.

Түрік тілінде жасалған осы терминдер қазір кеңінен қолданыс тапқан, алайда басқа түркі халықтарымен арадағы ұзаққа созылған үзіліс үлкен кедергілерді ала келді. Жер-су атауларына қатысты көптеген орыс тіліндегі терминдер Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың тіліне тереңдеп еніп кетті де, енді нормаға айналған ұғым-түсінік атауларын тілден шығарып тастап, жаңасын енгізе қою қиынға айналып отыр. Бұл уақыт еншісіндегі мәселе, алайда қазірден бастап, арнайы зерттеулер мен практикалық жұмыстар қатар жүргізілсе, біршама уақыттан кейін түркілік ортақ терминдердің жүйесі қалыптасатыны анық.

Бұған дейін біз батыстық үлгідегі терминдерді басшылыққа алып келдік, енді түркілік, соның ішінде түрік, әзірбайжан, өзбек, қырғыз және шығыстық

үлгілерге Араб, Үнді, Қытай, Корей, Жапон тілдерінің терминжасамына назар аударуымыз керек. Осы тілдердегі терминдер де арнайы зерттеулерді талап етеді. Сөздердің терминжасау мүмкіндігінің мұқалуы мен ұшталуы оның тиімді пайдаланылуында. Сырттан қабылданатын сөздер мен ішкі мүмкіндікті пайдалана отырып, жаңа терминдерді жасаудың оңтайлы принциптерін бекітіп алуымыз керек.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӨМІРШЕҢ ТЕРМИНДЕРІ

НАЗИРА ӘШІМБАЕВА,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ тіл білімінің, ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғала қалса, ұлағат алар ғұламалардың қатарындағы Ахмет Байтұрсынұлының есімі айрықша аталуы тиіс. Ол – қазақ тіл-әдебиет ғылымын, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың басында тұрған аса көрнекті ғалым. Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралында» *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* т.б. терминдерді кездестіруге болады. Ал «Тіл-құралында» әбден орнығып, әлі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруі тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ тәрізді терминдер* жүздеп кездеседі. Бұл терминдердің қойылатын талаптарға жауап беретіндігі дәлелдеуді қажет етпейді, өйткені олар кезінде шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

А.Байтұрсынұлы – әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» (Әуезов М.О. Ахаңның 50 жылдық тойы//«Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан.), – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» (Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек //А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. –Алматы, 1991. 12-13-бб.), – деп әділ көрсетеді. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән анықтамасын да берген. Мысалы, «*Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде*

буын болады» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш//А.Байтұрсынов шығармалары. –Алматы, 1989. 192-б.).

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпатын – А.Б.) анықтаған; екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік-құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай отырып көрсету арқылы ұғымдық микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс тәрізді терминдерді жатқызуға болады. Айрықша атап өтуді қажет ететін тағы бір мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап беруі. Яғни, А.Байтұрсынұлы – терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды тәжірибеде тұңғыш рет пайдаланған ғалым.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді терминжасамда пайдаланғандығын авторлық жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс т.б. осылар тәрізді терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру тәрізді әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Бұл терминдердің қайсыбірі (ауыстыру, теңеу т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (лептеу, ойламалдау т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау арқылы жасалған.

Кезінде А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, ғалым жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев А.Байтұрсынұлының еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» (Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. –Алматы, 1991. 13-б.), – дейді. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» ([1] Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы, 1989. 141-б.), – деп, тілдің міндетін жан-жақты түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ұлттық ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі орасан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің негізін салушы: Оқу-әдістемелік кешен. –Алматы, 2006. -76 б.
2. Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. –Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2005. – Б.14-15.
3. А.Байтұрсынұлы тағылымы: А.Байтұрсынұлының 130 жылдық мерейтойына арн. респуб. ғыл.-практ. конф. материал. – Қарағанды, 2003. – 149 б.

ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

САРҚЫТ ӘЛІСЖАН,

*Назарбаев Университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Қазіргі қоғамдағы тілдік ахуалды сөз еткенде, термин мәселесі көпшіліктің назарын жиі аударып жүр. Термин тақырыбына дүркін-дүркін конференциялар, семинарлар, басқа да мазмұндағы іс-шаралар ұйымдастырылып, бұқараның талқылауына ұсынылады. Termincom.kz тәрізді электронды веб-парақшалардың пайда болуы осы үрдісті жандандыра түсті.

Әрине, терминді біріздендіру шаралары мұнымен тоқталмақ емес, алдағы уақытта назар аударатын толғақты мәселелер де жоқ емес. Олардың қатарына жарыспалылық, аударма, балама іздеу үдерісі, қосымшалардың мағынасы т.б. көптеген шешімін табуға тиісті мәселелер жатады. Солардың кейбірі жайында осы мақалада өз ойымызды білдірмекпіз.

Қүзіреттілік

Бұрын-соңды термин мәселесі мұндай өзекті тақырыпқа айналмаған. Термин ғылым тілінің негізін құрайтын тілдік-ұғымдық бірлік есебінде филологтардың, ұзаса сала мамандарының айналысатын «меншікті тақырыбы» болатын, қазір сол ауқымнан шықты. Бұлай болуы заңды, өйткені бүгінгі таңда терминді айтпағанда ғылымның өзі тар сипатта түсінілмейді. Ғылымның бұқаралану үрдісі басымдық танытып отыр, ғылыми жетістіктер көпшіліктің қолжетімді дүниесіне айналды.

Ғылым мен баспасөздің бір-бірімен байланыста дамуы, ғылыми қызметті, танымды неғұрлым түсінікті тілмен жеткізу, керек десеңіз, ғылымды насихаттаудың публицистикалық формалары белең алды. Ғылымаралық салалардың пайда болуы да осыған келіп саяды. Екі ғылымның түйісуінен қалыптасқан жаңа салалар (айталық, лингвомәдениеттану, компьютерлік лингвистика, жасанды интеллект т.т.) көптеген терминдік атаулардың ортақтығын, бұқаралылығын күшейте түсті.

Осының бәрі терминге қатысты талқылаулардың, пікірталастың ауанын өзгертті, оның қалыптасуындағы жалпы бұқараның «үнін» көрсетті.

Бұл үрдісті қалай бағалауға болады? Жағымды ма, әлде керісінше ме? Осының ара жігін ажырату үшін проф. Н.Уәлиұлының құзіреттілік туралы пікірін еске түсірген жөн.

Проф. Н.Уәлиұлы үш түрлі құзіреттілікті көрсетеді: 1) біліктілік құзіреті

(жоғары білікті маман ретіндегі құзіреті); 2) тілдік құзіреті (ана тілін тиісті деңгейде білуі); 3) лингвистикалық құзіреті (әдеби тіл нормалары, тілдің негізгі даму үрдістері жөнінде тиісті деңгейде лингвистикалық біліктілігінің болуы) [1, 35-б.].

Аталған құзіреттілік түрлері расында да термин қалыптастыру барысында үлкен рөл атқарады. Біз өз тарапымыздан соңғы құзіреттілікті «кәсіби-тілдік» құзіреттілік санатына біріктірсе де болады деген ойдамыз. «Терминнің иесі, ең әуелі – маман» дегенде осындай жоғары құзіреттілікке ие мамандар жайында әңгіме болатындығы түсінікті.

Осыған мән бермегендіктен бе, кейде кәсіби маман танымы мен жақсы, үздік деген аудармашыларымыздың пікірі екіге жарылып жатады. Маман сол ұғымның саладағы қолданылу тәжірибесінен, ұғым ретінде қандай мағынамен қолданылатындығынан шығып жатса, аудармашы терминнің қазақша баламасының қаншалықты жатық, көрер көзге қаншалықты «сүйкімді» екендігіне баса назар аударады. Маман бірінші орынға белгілі бір терминнің ұғымдық мазмұнын, сол саладағы қолданылу тәжірибесін қояды, ал тіл мамандары (аудармашы, сөз зергерлері) терминнің жатықтығына, тілге қаншалықты сіңісетіндігіне қарап баға береді.

Мысал келтірер болсақ, лингвистикада функционалдық бағыттың пайда болуымен орысша «высказывание» ұғымы қалыптасқан, оны қазақшалап қазір «сөйленім» деп алып жүр. Ертеректе шыққан сөздікте «высказывание»-нің қазақшасы *айтылыс* (І. Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің сөздігі»), алайда соңғы жиырма шақты жылда жазылған диссертацияларда, монографияларда «сөйленім», ара-тұра «сөйлесім» (соңғысы оқу әрекетінің бір түрі ретінде де қолданылады, *оқылым, тыңдалым* тәрізді) атауларымен қолданылады.

Біздің айтайық дегеніміз, аудармашылар Республикалық терминология комиссиясының IV отырысында (2021 ж.) «Әдебиет және лингвистика саласының терминдерін» бекіту барысында «высказывание»-нің қазақшасы ретінде «пікір» сөзіне тоқталды, ал саладағы (лингвистика) «сөйленім» сөзінің ұғым ретіндегі қолданыс тәжірибесін ескермеді. Өйткені маман еместер үшін «сөйленім» – «кұлаққа бір түрлі естіледі», тікелей аударма, калька.

Бұл үшін, әрине, Терминком мүшелеріне кінә артайық деген ойдан аулақпыз, бұл жерде мәселе, кәсіби құзіреттілікке келіп тірелетіндігі шындық. Мұндай мысалдар басқа да салалық терминдерді талқылау барысында кездесіп жатады. Кәсіби-тілдік біліктіліктің барлығында бірдей болмауы табиғи, өйткені олар сала маманы емес, ал мамандар үшін сөздің ұғым ретіндегі қолданысы қымбат.

Рас, осы орайда Терминком өз жұмыстарына сала мамандарын қатыстыратын жақсы дәстүрді дұрыс алып жүр. Айтайық дегеніміз, мамандар мен сөз зергерлерінің ынтымақтастығы әрқашан маңызды, мамандардың пікіріне құлақ түруіміз өзінің жақсы нәтижесін берері сөзсіз.

Термин қалыптастыру тәжірибесінде мамандар тарапынан болсын, тілдік ахуалды жақсы түсінетін филологтар тарапынан болсын бұл игі істің жалғасын табатындығына сенгіміз келеді.

Кейінгі жылдарда көптеген сөздердің ғылым әлеміне жолдама алып, бірізді қолданысқа ие болуы – осындай ынтымақтастықтың нәтижесі деп қарауға болады.

Көптеген қазақ сөздері терминдік ұғым ретінде өз тұғырын айқындады, мысалы: *қаптал*, *алаңсырт*, *кормесерінне* (спорт саласы), *саптал* (әскери) тәрізді терминдерді атауға болады.

Әр сала бойынша бірізге түспей, ала-құла қолданылатын атаулар мағынасы жағынан нақтыланып, жүйеленді: *жолақ* – *полоса*, *белдеу* – *пояс*, *алтыатар* – *наган*, *отшашу* – *огномет* («салют» емес), *торап* – *узел*, *желі* – *сеть* т.т.

Жарыспалылық

Жаңадан пайда болып жатқан терминдік ұғымдар тілге бірден сіңісіп кетпейтіндігі аян. Түпкілікті қолданысқа ие болу үшін ондай терминдер шартты түрде алғанда үш кезенді басынан кешіреді. Ұсынылу кезеңі, я алғашқы кезең, екінші кезең – жарыспалылық (бұрыннан қолданылып келе жатқан сөз бен ұсынылған баламаның қатар қолданылуы), үшінші кезең – ұсынылған баламаның тиянақты қолданылу кезеңі. 90-жылдардан бергі пайда болған баламаларды қарап отырсақ, осы үш кезеңнен өткендігін байқаймыз. Бүгінгі күні қолданылатын *мәтін*, *әдіс*, *әдістеме*, *сынып*, *ұшақ*, *нарық* т.б. көптеген сөздердің қалыптасу тарихы бізге осыны көрсетеді.

Әрине, балама сөздердің барлығына аталған үш кезең тән деп айтуға болмайды, біріншісінен аспай қалған (тіл иелмендері қабылдамаған) сөздер де (мысалы, *автор* – *өзие*, *абориген* – *түбелік*), екінші кезеңге тән жарыспалы қатарлар да, сол сияқты жоғарыда келтіргендей тұрақты қолданысқа көшкен сәтті атаулар да баршылық.

Осының ішінде «ескі мен жаңаның» күресіндей болған жарыспалылық ерекше көзге түседі.

Ертеректе терминдердің жарысып қолданылуы әдеткі құбылыс саналатын көзқарастар да болды. Жарыспалылық негізінен шеттілдік сөз бен қазақ сөзінің қатар қолданылуы арқылы сипатталатын: *агония* – *жанталас*, *абсорбция* – *сіңірілу*, *сіңіру*, *аддитивтілік* – *бірдейлік* және т.б.

Осындай қатардағы қазақ сөздері кейде жалпы тіл үшін, бұқара үшін терминдік ұғымды неғұрлым қарапайым, түсінікті етіп беретін көз ретінде қарастырылды. Ғылыми ұғымның төл нұсқасын публицистер, БАҚ пайдаланатын және бұл баспасөз мәнмәтінінде жақсы үйлесіп, оғаштығы байқалмай кететін. Жарыса қолданыла келіп, қазақшасының орныққан мысалдары да көп, еске түсірсек, *финанс – қаржы, рынок – нарық*.

Қазақ тілінде байырғы сөздердің термин қатарына көптеп тартылуы кейінгі уақытта төл сөздеріміздің өзіндегі жарыспалылықты көрсете бастады (*ұшақ – самғауыр, көші-қон – келім-кетім* тәрізді), бұл терминологиядағы жүйесіздікті арттыратын теріс ықпалды көрсетеді.

Осы орайда қазіргі кезде бір ғана нұсқасын қалдыратын оң бағыт бар. Терминологияны біріздендіру, стандарттау туралы әңгіме болып жатқанда, жарыспалылықты негізсіз жалғастыра беру жарасымды емес.

Калькалау

Терминге балама іздеу барысында калькалау таңдалатындығы бар.

Калькалау – термин қалыптастыру ісінде әу бастан пайдаланылып келе жатқан амал. Алайда соңғы онжылдықтарда калька сөздермен бітіспес күрес жариялаған үрдіс пайда болды, «Калькасыз қазақ тілі» дейтін қозғалыс та әлеуметтік желіде ауық-ауық көрініс беріп қалады.

Рас, тілде жатық, сөз саптау нормаларына лайық баламаларға ештеңе жетпейді, ондай сәтті сөздер табылып жатса жұртшылық қуана қабылдайтыны сөзсіз. Алайда сондай баламалардың әр уақытта кездесе бермейтіндігі де шындық. Әсіресе арнайы кәсіби салаға келгенде мамандардың осы калькалау тәсіліне жүгінетіндігі бар. Белгілі бір салаға тән тар мағыналы терминдерді қазақшалауда калькалау көмекке келетіндігі белгілі.

Көптеген әріптестеріміз «первичность» – *біріншілік*, «вторичность» – *екіншілік* («үшіншілік» және одан әрі санамалау тілде кездеспейді) деп аударуға қарсы, себебі олар калька, одан гөрі «первичность» сөзінің орнына «алғашқы», «бастапқы», ал «вторичность» -тің баламасы ретінде «кейінгі», «туынды» деп алғанды қалайды. Аталған сөздер кездеспейтін салаларды табу қиын, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымында осы сөздер арқылы берілетін ұғымдар өте көп. Тіл білімінің өзінде бұл ұғымдар кездеседі:

Сөз жасауға негіз болған түбір сөзді — себепші мағына деп атайды және оның семантикалық мағынасы біріншілік (қарамен ерекшелеген біз – С.Ә.) *мағына деп аталады. Ал одан түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы туындаған туынды сөздің мағынасы екіншілік* мағына болып табылады (Мақаладан).

Біз бұл жерде *біріншілік* пен *екіншілікті* «алғашқы», я болмаса «туынды» деген сөздермен алмастыра алмас едік, өйткені тіл білімінде, соның ішінде лексикологияда сөз мағынасының түрлері әр типке ажыратылады, алғашқы мағына да, туынды мағына да солардың арасында кездеседі, мамандар оларды қайталамас үшін, мағына түрін санамалау барысында біріншілік пен екіншілікті қолданады.

Біріншілік пен *екіншілік* қатысқан ұғымдар басқа салаларда да бар: *біріншілік синтездің заттары*, *екіншілік синтездің заттары* (фармацевтика, химия). Осыған қатысты *алғашқы* немесе *бастапқы синтездің заттары*; *ілеспе*, *қайталама*, *екінші синтездің заттары* деп атайтын ұсыныстар бар. Ал осы сала мамандарына келсек, олай атауға қарсы. Себебін былай түсіндіреді:

Бірінші реттік синтез заттары болады, ол ілеспе немесе алғашқысы емес, олар ассимиляция процесі кезінде, яғни сырттан келетін заттарды дененің өз заттарына айналдыруы процесінде қалыптасады, оларға: амин қышқылдары, ақуыздар, көмірсулар, липидтер, дәрумендер, органикалық қышқылдар, ферменттер жатады.

Тура осындай пікірді «екінші реттік синтез заттарына» қатысты айтады: *алкалоидтар, гликозидтер, илік заттар, фенолды заттар (катехиндер, флавонондар, антоцианиндер), эфир майлары және өсімдік шайырлары – екіншілік синтездің заттары.*

Бұдан біз калька ұғымдардан құтыламыз дей отырып, терминнің бастапқы ұғымдық мағынасынан алшақтауға тап болатынымыз көрінеді. Егер терминологияда ұғым мағынасының тура және дәл болатындығын ескерсек, калькалаудың да кейбір реттерде ұғымның мәнін дәл беруге септесе алатындығын көреміз.

Біздің калькалау үрдісін толығымен жақтайық деген ниетіміз жоқ, бар болғаны термин қалыптастырудың бір тәсілі ретінде оның өмір сүруге хақы бар екендігін айтқымыз келеді. Кезінде «қазақ терминологиясының атасы» А.Байтұрсынұлы да бұл тәсілді ұтымды пайдалана білген [2, 21-б.].

Алғашқы, бастапқы, кейінгі, туынды сөздерінің де терминдік ұғым ретінде қолданылатын тұстары көп. *Алғашқы* әдетте «первообразный» анықтаушышының баламасы (*первообразное состояние – алғашқы күй*), *бастапқы* «исходный», «первоначальный» (*исходное сырье – бастапқы шикізат, исходное положение – бастапқы қалып тәрізді*) сөздерінің баламасы болып қолданылады.

Әрине, жарыспалылық түзіп, бұл екеуінің қатар пайдаланылып жүрген тұстары да жоқ емес. Жоғарыда келтіргендей, жөнсіз жарыспалылықтан арылу қажет, ол үшін аталған мағыналарды әрқайсысына бекітіп, оны қатаң

сақтау қажет. Осы сияқты пікірді *кейінгі, туынды* сөздеріне қатысты да айтар едік: кейінгі орыс тіліндегі «пост», «после» сыңарларымен келетін ұғымдар үшін оңтайлы (*кейінгі тестілеу – посттестирование, кейінгі кепіл – последующий залог*), ал *туынды* сөзінің «производный»-дың нұсқасы екендігі ежелден белгілі.

Аудару барысында аталған ұғымдарды бір-бірімен алмастыру тілде ғана емес, мамандардың қолдануы үшін де екіұдайылық туғызып, шатастырады.

Терминологиялық қиындық

Терминдік лексикадағы осындай екіұдайылықты кейбір әріптестеріміз «терминологияны жәнсіз қиындату» деп түсінетін сияқты. Бұл қиындық емес, бұл термин қалыптастыру тәжірибелері дер едік, тәжірибе болғаннан кейін реттеу, іріктеу, сұрыптау, таңдау әрекеттері міндетті түрде қатысады. Термин қалыптастыру саналы үдеріс болғандықтан, оған қатысы бар мамандардың, тіл білгірлерінің кеңесуі, талқылауы арқылы шешімін табады, тауып та жатыр.

Ал терминологияны қиындату мәселесі бізде керісінше түсіндіріліп жүр, халықаралық тәжірибеде терминологияны қиындату кірме терминдерге қатысты айтылса, бізде төл сөздерге байланысты жұмсалады.

Орыс тілі терминологиясының білгірі Д.С. Лотте кезінде «Большой недостаток – излишняя загруженность терминология иноязычными элементами» деп атап көрсеткен [3].

Автор тілдегі бөгде элементтерді қиындату деп түсінеді. Осы тәріздес түсінікті еуропалық ғалымдардың көзқарастарынан да аңғаруға болады. Олар керісінше байырғы, төл сөздердің терминдік сапада қолданылуын жоғары бағалайды.

Француз лингвисті Клод Ажеж бір кезде латын тілі дін, саясат, дипломатия мен ғылымға ортақ бірыңғай тіл болғандығын және латын тілінің жаңа жағдайға бейімделе алмағандығымен аяқталғандығын айтады. Оны ұлт тілдерімен алмастыру ойлауды тазартып, адамның шығармашылық мүмкіндігіне жаңа энергия үстемелеуімен белгілі дейді [4, 130-131].

Байқап отырғанымыздай, терминологиялық қиындық әлемдік тәжірибеде біздегіден басқаша бағаланады және сол дұрыс екендігін мойындауымыз керек. Көптеген зерттеушілер кірме атауларды автоматты түрде қолдана отырып, тура сол ұғымға сайма-сай бола алатын төл тілдік бірліктерді ұмыт қалдыратындығымызға назар аударады.

Төл нұсқадағы балама қалыптастыру сөздің мағынасына үңілу, анықтама беру тәрізді ізденіске, тәжірибеге негізделе отырып, ана тілінде сөйлейтін

мамандардың кәсіби түйсігі мен танымын дамытады. Мамандардың тіл мен ұғым мазмұнының арасындағы бір-бірімен ұласатын екеуаралық негізді қалыптастыру тәжірибесі орнығады, ғылыми сана сөйлеушілерде ана тілінде дамиды.

Қорыта келгенде, термин қалыптастыру тәжірибесі ұдайы жүріп отыратын кәсіби-тілдік үдеріс. Оған сала және тіл мамандары атсалысады. Осы үдерісте басты, негізгі деген ұстанымдарды айқындай білу, қазіргі тілдік ахуалдың даму сипатын ескере отырып, ұтымды тәсілдерді таба білу, оңтайлы көзқарастарды саралау тәрізді шаралар аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиұлы Н. Терминология және тілдік норма // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері (республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). Астана, 2004.
2. Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаушы // Терминологиялық Хабаршы, №2 (61), 2021.
3. Лотте Д.С.. Как работать над терминологией. Основы и методы. М., 1968.
4. Hagege Cl. Contre la pensee unique. P.: Odile Jacob, 2012.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ЗАҢНАМА ТЕРМИНДЕРІ

ҚҰДАЙБЕРГЕН ТҰРСЫН

*Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Қай саладағы болсын терминдер төңірегіндегі пікірталас, ұсыныс-пікірлер ағыны күні бүгінге дейін толас таппай келеді. Оның да өзіндік сипаты, ұғым-түсінігі, айқындаушы факторлары бар. Демек, күнделікті қолданыстағы сөздің өзіне тән лексикалық мағынасы болғандықтан оның уақыт ағымына орай түрленуі қажет десек те, терминдердің алуан мағынада берілуі өмір сүру қағидатына қайшы келетін процесс. Кешегі кеңестік, бүгінгі тәуелсіздіктің 30 жылында осы бағытта атқарылған, істелінген, жүйеленген, біріздендірілген терминдер топтамасын атасақ та жеткілікті. А.Байтұрсынұлы жетекшілігімен «Атаулар сөздігі», Н.Қаратышқанов «Пән сөздігі», І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов «Орысша-қазақша тіл білімі терминдерінің сөздігі», Е.Омарұлы «Қазақша пән сөздері», Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», Т.Жанұзақ «Қазақ ономастикасы», Ш.Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы», А.Құсайынов жетекшілігімен «Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық терминологиялық сөздік» 30-том, Е.Әбдірәсілов «Қазақ терминографиясының жүйесі», «Ағылшынша-орысша-қазақша салалық терминдер сөздігі», «Кірме сөздер сөздігі», Б.Қалиұлы «Өсімдік атауларының орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі», Р.Құдайбергенов «Техникалық терминдер сөздігі», М.Ахметов «Медициналық терминдер сөздігі», Қ.Тұрсын «MASS MEDIA және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі» т.б. жүздеген басылымдар бүгінде күнделікті қолданыста. Алайда, кеше де, бүгін де отандық терминология саласында күні бүгінге дейін заң терминдері төңірегінде заңгерлер мен лингвист мамандардың аударма саласында ортақ шешім мен нақтыланбаған мәселелері жетерлік. Осы орайда біз ширек ғасырға жуық Қазақстан Республикасының Сенаты Аппаратында Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі, ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері, мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Мәди Айымбетовтің заң саласы терминдерін жинақтау, жүйелеу, аударма бағытындағы еселі еңбегі бүгінде мемлекетіміздің игілігіне қызмет атқаруда. Қашанда, қай салада болсын кешегі кеңестік мектептің темірдей тәртібі мен жауапты сындарынан сүрінбей өткен танымал қаламгер һәм құқықтану саласының тәжірибелі ма-

маны болған тұлғаның өнегелі ісі қашанда осы саладағы ізбасарларына үлгі, бағдаршам.

М.Айымбетов Сенаттың Редакциялық-баспа бөліміне жетекшілік жасаған жылдары оның бастамасымен Заң терминдерінің проблемаларына қатысты лингвист, заңгер мамандарының, тілші ғалымдар және Парламенттің қос палатасы депутаттарының, жоғары атқарушы билік өкілдерінің қатысуымен жыл сайын республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Бұл жиындардың басты мақсаты – заңнама терминдерінің қалыптасу, заң мәтіндерінің сапалық деңгейін көрсете отырып, мемлекеттік тілдегі заңнамаларды лингвистикалық тұрғыдан жүйелеп, жетілдірудің жолдарын көрсету болып табылды. Осы ғылыми-практикалық басқосуларға танымал ғалымдар Ж.Ысмағұлов, Ө.Айтбаев, Ғ.Сапарғалиев, Ш.Сарыбаев, А.Айталы, Р.Нұрғалиев т.б. ғалымдар мен кәсіби заңгерлер О.Әбдікәрімов, Ж.Тұяқбаев, Ө.Байгелді сынды мемлекет қайраткерлері, депутаттар қатысып баяндама жасап, ой-пікірлерін ортаға салды. Аталған конференциялар мен семинарлардың көтерген тақырыптары саналуан мәселелерді қамтыды. Олар халықаралық қолданыстағы заң терминдері, ҚР Конституциясы мәтініндегі терминдердің сапалық және нақтылық сипаты, заң мәтіні аудармасында мемлекеттік тілдегі терминдердің қолданылу проблемаларын қамтыды. Жоғарғы заң билігі қабырғасында өткен бұл жиындардың қорытындысы бойынша Үкіметке және олардың атқарушы органдарына заң жобасын әзірлеуде басшылыққа алу үшін ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда Парламентке түсетін заң жобаларының сапасына тек ғылыми-заңгерлік тұрғыда ғана емес, мемлекеттік тілдегі мәтініне лингвистикалық ғылыми сараптама жасау мәселесі міндеттеліп, оның іске асырылуы жолға қойылды. Соның негізінде Әділет министрлігінің тікелей араласуымен 2012 жылдан бастап Заңнама және құқықтық ақпарат институтының қабырғасынан Лингвистика орталығы ашылды. Әрбір заңнама жобасы мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптамасыз Үкімет кеңсесі мен Парламентте қаралмайтын болды.

Заң термині саласының санбұралаң белестері мен күні бүгінге дейін қалың қатпарлы түрен түспеген алқаптары жетерлік. Кешегі есімі елге, алыс-жақын шетелдерге әйгілі академиктер С.Зиманов, Н.Шәйкенов, С.Сартаев, Ғ.Сапарғалиев, М.Баймаханов т.б. тізе қосқан еліміздің алуан бағыттағы қабылданған заңдары төңірегіндегі айтыс-тартыс аз болмады. С.Зимановтың жарты ғасырдан астам елімізде құқықтық ғылымның даму үрдісіне тікелей басшылық жасап, әлденеше буын ғалымдар легін дайындап, заң ғылымдары саласында өз мектебін қалыптастыра білгені ақиқат. «Таудың биіктігі алыстаған сайын көрінеді» дегендей, олардың әрбірінің еңбегі мен ерлігі адам

сенгісіз рухани жаңарудың жарқын үлгісі деп айтуға болады. Сол алыптар тобын көрген, олардан тәлім алған М.Айымбетов те жетекшілік саладағы жауапты жұмысында танымал тұлғалармен тізе қоса елеулі еңбек жасады. Құқық тақырыбына сөз саптаған Парламент депутаттары мен саясаткерлер «Осы есімдері елге белгілі феномен тұлғалармен» бой түзеп, ойларын жүйеледі. Олардың әрбірінің саяси-құқықтық ойлары мемлекет құрылымының әр саласын түбегейлі реформалау идеясына бағытталған ойлары ептілікпен әрбір заңның аясынан көрініс берді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жаңа мемлекет құру үрдісі, мемлекет механизмі, құқықтық жүйені қалыптастыру туралы заңгерлердің тәлімді ойларын, алуан бағыттағы жаңаша түрленген заңдарды Парламент пен Сенатқа ұсыну кезеңінде басшылыққа алып, Мемлекеттіктің егемендігі туралы Декларация, Қазақ КСР атауын өзгерту туралы заң, Азаматтық туралы заң, Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Конституциясы т.б. маңызды заңдарды дайындау шағында қосқан еңбегі бір төбе. Академик С.Зиманов судья «қауіп пен қатерден қоғамды алып шығушы, оны реттеуші, қалпына келтірудегі рухтық энергияны табушы тұлға», «әділеттілік адамға жіберілген құдайдың сыйы, табиғат пендеге адамшылықты сақтау үшін әділдікті сыйлаған. Егер ол болмаса адам хайуан деңгейіне түсіп рухсызданады, ал бұл қасиет судья үшін ақиқат болуы шарт» деген аса құнды идеясы билер сотының адамзат тарихындағы қайталанбайтын реттеуші функциясын аша отырып, болашақтағы еліміздің әділсот атқару тәжірибесін билер институтының озық үлгілерімен сусындатып, оның прецеденттік моделіне жақындастыру ұстанымы болды.

Зерттеуші өзінің осы саладағы ширек ғасырлық жұмыс тәжірибесінде «ұлт ұстазы» атанған, қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының: 1. Қазақтың өзінде бар сөздерден жаңа сөз тудыру: Мысалы, ас+хана. 2. Бар сөздерді түрлендіру: Мысалы, көл+шік, тал+шық. 3. Қосарлау: қыл+тамақ, ат+шабар. 4. Салыстыру: ысқыма (массаж), түйе киік. 5. Басқа ұлттың сөздерін үндестік заңына икемдеп пайдалану: мұғалім, жәрмеңке, тәржімә. 6. Бөгенайлау тәсілі: шойын жол. 7. Байырғы, көне сөздерді қосу тәсілі: уылу, сардар, сарбаз, айдауыл... аса құнды ойларын басшылыққа ала отырып, оны заң саласындағы терминдер топтамасында басты қағидат етіп ұстанды. «Қазақша сөз жазушыларға» деп аталатын мақаласында реформатор А.Байтұрсынұлы «...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ», – деп жазады. «Біздің айтпағымыз, термин қорын, оның ішінде, заң терминдерін жинақтап, жүйелеудің практикалық бір жолы – заң сөздігін түзудің кейбір мәселелері. Қазір тіл проблемасына қатысты әртүрлі жиындарда, баспасөз

беттерінде мемлекеттік тілде заң терминдері жасалған жоқ немесе өз деңгейінде емес, ол әлі біріздендірілген жоқ деген сияқты пікірлер айтылуда. Мұндай ұшқары пікірлерге өз басым қосыла алмаймын. Әрине, заң өз тілімізде жазылып жатқан жоқ, заң тілі – аударма арқылы қолданысымызға еніп отыр. Әйтсе де қолымызда бар қазақша заң мәтіндерін түпнұсқалық тілдің жолма-жол аудармасы деп қараушылық көңіл-күйден арылуымыз керек», – деген М.Айымбетов пікірі құнды.

Бүгінде тілбұзарлық үрдіс қай салада болсын белең алып барады. Бұл үрдіс қазір тіптен асқынып бара жатыр. Бұл туралы Х.Досмұхамед: "Жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын, көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келетіндер ана тілін өзгертуде жолбасшы болады. Оқығандар өзіне лайық әдебиет тілі деген тілді түзеп, жаңа тілін ел ішіне көбіне зорлап кіргізеді. Дұрыстап түземесе, қара тілдің затымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат болады, елге сіңбейді. Сондықтан жер жүзіндегі жұрттың көбі әдебиет тілін қара тілге жақын қылып, елге түсінікті қылуға тырысады". Сондықтан да сан-саладан қабылданып жатқан заң мәтіні өз тілімізде өрнекті, жатық жазылып, түсінікті берілсе одан қашқақтаудың қажеті қанша? Ана тілімізде баламалы заң терминін жасауға кім кедергі. Алайда, Заң мемлекеттік тілде жазылып, даярлануы үшін өз тілімізде олардың белгілі бір мөлшерде жасақталған, жинақталған, жүйеленген қорының болғаны абзал. Бұл аса сақтықты, еңбекқорлықты, білімгерлікті, осы және өзге де салалардан жан-жақтылықты талап ететіні ақиқат. Оған қоса әр жылдарда қабылданған, қолданыстағы заңдар мәтінін жүйелеп, жинақтау ләзім. «Қолда бар терминдік қорды жинақтап, екшеп, саралап, заң шығармашылығында қолданысқа енгізудің бір жолы – сөздік түзу. Сөздің жұмыс істеп, тіршілік етуіне, қолданылу деңгейінің кеңеюіне бірден-бір көмекші құрал – сөздік. Сөздік мазмұны арқылы сөз баламасын танимыз, сөз ұғымын нақтылаймыз, анықтаймыз, қолданыстық жолдарын табамыз. Заң сөздігі салалық сөздік, түсіндірме сөздік, тұрақты тіркестер сөздігі, жалпылама атаулар сөздігі болып бөлініп, бұлардың әрқайсын жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ескерген абзал», – деген зерттеуші пікірі орынды. Оған себеп, өткен ғасыр абыздарының бірі Алаш қайраткері, білікті тіл маманы Қ.Кемеңгерұлы XX ғасырдың басында: «...Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасу, қате пікір. Шамамыз жетсе, қазақшалап алуымыз керек. Мәселен, «геометрияны»

қазаққа «геуметрие» десең, көзіне түк елестемейді. Ал «пішіндеме» десең, қазаққа таныс, көзіңе елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуда мән жоқ», – деген пікірін сөздік жасау кезеңінде басшылыққа алғанның да зияны жоқ. Кейбір терминдердің баламасы түпнұсқамен үйлесімділік тапса, енді бірі көзге оғаш тиіп, алғашқы мән-мағынасынан айырылып қалады.

Бүгінде қоғам, ел өмірі жаңа бір тарихи кезеңге бағыт ұстанған тұста, алдағы уақыт ұстанымдары қандай болмақ, қандай күйлерге көңіл бөлу, іс-әрекеттеріміз қай арнада өркендеуі керек деген мәселенің де күн тәртібіне шығуы – заңдылық. Зерттеуші соны өз еңбектері мен зерттеулерінде көпшілікке түсінікті тілде, алайда осы уақытқа дейін кездеспеген тың әрі жатық ұғымдармен, атаулармен, сөз оралымдарымен, ғылыми негізде ой түйіп, өзінің ой талқысынан өтіп, сан мәрте сүзгіленген термин жасамдарына қолдау білдіріп, олардың терминком отырысында қабылдануына жылдар сілемінде елеулі еңбек сіңірді. Солардың қатарында күні бүгінде күнделікті қолданыста жүрген, баламасы сәтті табылған «анализ – талдау», «анкета – сауалнама», «амнистия – рахымшылық», «аполитизм – бейсаясаттық», «артерия – күретамыр», «архив – мұрағат», «архитектура – сәулет», «брокер – делдал», «конфискация – тәркілеу», «оптимизация – оңтайландыру», «приватизация – жекешелендіру», «проспект – даңғыл», «таможня – кеден», «казус – шырғалаң», «кредо – ұстан, ұстаным», «ссуда – несие» т.б. әлденеше жүздеген терминдерді қосуға болады.

Заң термині белгілі бір нормалық жүктемесі бар, қоғам өміріндегі қарым-қатынастың сан-салалы мәселелерінде қолданылатын ұғым аталымы. Демек, ұғымға, оның түсінікті әрі орнықтылығына қойылатын талап – құқықтық дәлдігі, нақтылығы, оқырманға түсініктілігі болып табылады. Заң термині сөздігін түзу әрі жасауға қойылатын басты талап оның қолданыстағы заңнамалық нормамен үйлесімділік табатын сөз не тұрақты тіркестерді анықтау, айқындау. Термин сөздің күнделікті тұрақты қолданыста сіңісті болуы да ұзақ процесс.

Қолданыстағы кез келген заңның өзіндік лексикасынан терминнің өз орнын табуы да қиын. «Мәселен, қазір қолданылу жиілігі айқындалған «пайыз», «заңнама» терминдерін алайық. Бұл аталымдар да заң мәтіндері мен ресми құжаттарға бірден үйлесе кеткен жоқ, «процент», «заңдар» деген бұрынғы нұсқасымен қатар қолданылып, терминдердің бірізді болмауы төңірегіндегі айтыс-тартыс пікірлердің объектісіне айналды. Себебі, термин қолданысында радикалды ұстанымды жақтаушыларға түбірі парсылық «пайыздан» гөрі бұрынғы түбірі латын, үйреншікті «процент» әлдеқайда

нақтылы, айқынырақ көрінді. Ал шынтуайтына келгенде әлдененің белгілі бір бөлігі, үлесі деген ұғымнан шығатын «пай» сөзінің қолданыс жиілігі өз тілімізде бұрыннан да болған. Сондықтан да түбірі «пайдан» бастау алар «пайызға» үрке қарамай, оны лексикамызға сіңіре білсек, ұтылмағанымыз. Сол сияқты «заңдар» аталымы «законодательство» «заңнама» аталып, ұлттық реңкі бар төл сөзімізге айналды. Қолданысымызға түбегейлі енген терминдерді басқа тілден енген немесе қазақша баламасы табылған деп ендеп, таңбалауымыздың өзі шарттылық болып табылады».

Шартараптан тілімізге енген күнделікті тұтытудағы ұғымдар астарында сол халықтың өзіне сай тіршілігінен қандай да бейнесінің болуы шарттылық. Ал заң терминдерін күнделікті тілдік қолданысқа кеңінен енгіземіз десек, оның ана тіліміздегі орнықты баламасын іздеп, тұрақтандыру қажет. Терминдер қатпарында заң саласының алуан бағыттағы жүйесінде ұғынықты, ұтымды сөздік, сөзжасам жасау басты шарттылықтардың бірі болып табылады. Дәл осы тұста мәтін нормасын қалыптастырушы, тілімізде орнықтырушы маманның өз ісінің кәсіби шеберлігі жетілген, білімді болуы қажет. «Заңға байланысты «рамочный закон», «рамочное соглашение» деген терминдік тіркестер бар. Осыны аудармашылар кезінде «басты заң», «бас келісім» немесе «шеңберлі заң», «шеңберлі келісім» деп жолма-жол аударма жасап жүрді. Түптеп келгенде бұл атаудың заңдық мағынасы екінші бір заңға немесе келісімге негіз болатын заң немесе келісім деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мұның «негіздемелік заң», «негіздемелік келісім» деген қазақша баламасын қолданысқа енгізіп, Мемтерминкомға бекіттіріп алуға тура келді. Немесе «материнская (родительская) компания» деген тіркестің де «негізгі (бас) компания» деген сәтті табылған баламасы қолданысымызға енді. Сол сияқты бұл қатарға «родственные фирмы» – «төркіндес фирмалар», «дочерние предприятия» – «еншілес кәсіпорындар» деген баламаларды жатқызуға болады. Сыртқы тұлғасы емес, сөздің ішкі мағынасынан туындайтын балама жасау – сөздік түзілімінің басты шарты болуға тиіс», – деген орнықты, қағидатты пікірдің айтылуы да тәжірибенің тәлімгерлікке ұштасып, зерттеудің ұзақ жылғы ізденістің нәтижесінен туындаған деп ой түйіндеуге негіз бар.

Заң қолданысы қай кезеңде болсын экономика, саяси-мәдени өмір, білім мен ғылым, әлеуметтік саладағы қатынастарда жаңа бір ұғымдар мен терминдерді өмірімізге ендіруде. Соған орай қолданыстағы лексикамыз байып, молая түсуде. Сөздікті даярлау, жинақтау кезінде мұны естен шығармаған абзал. Осы орайда, халықаралық қолданыстағы терминдерді аудару қажет пе, қажет емес пе деген мәселенің күн тәртібіне шығуы заңдылық.

Және халықаралық стандарт өлшемімен қарасақ кейбіреулер айтқандай, тілімізге еніп жатқан терминдерді аудармай, қаз қалпында беру керек деген пікірдің де жаны бар. Алайда, осы орайда мұны екі жақты өлшеммен қараған орынды секілді. «Алғашқысы тілдік қолданыс аясында орныққан «акциз», «автономия», «агент», «аксиома», «акт», «акционер», «банк», «банкрот», «библиография», «биржа», «бригада», «вексель», «грант», «демократия», «донор», «жанр», «кредит» және т.б. осы сияқты толып жатқан атаулар аударылмай, тілдік қорымызға әбден сіңісті болып кетті. Бұдан тіліміздің адам түсінбестей болып шұбарланып кеткен ештеңесі жоқ. Бірқатар өркениетті елдердің заң лексикасында бұл терминдер айна-қатесіз осылай алынып, кәдеге асып жүргені мәлім.

Сонымен бірге халықаралық қолданыстағы сөздердің қазақша баламасы сәтті табылған нұсқалары «анализ – талдау», «анкета – сауалнама», «амнистия – рахымшылық», «аполитизм – бейсаясаттық», «артерия – күретамыр», «архитектура – сәулет», архив – мұрағат», «брокер – делдал», «конфискация – тәркілеу», «оптимизация – оңтайландыру», «приватизация – жекешелендіру», «перспектив – даңғыл», «таможня – кеден», «ссуда – несие» және т.т.). Мемлекеттік терминологиялық комиссия осы жылдар ішінде осындай жүздеген терминдерді бекітіп, қазір қолданысымызға енгіздік». Ұлттық бай тіліміздің орамында қаншама халықтық баламалар баршылық. Зерттеушілер ден қойып, мән беріп, әрбір сөздің түбіріне тереңнен үңілсе, ана тілімізбен үндестік табатын атауларға кенде еместігіміз байқалады. Сөз төркінінің заңдылық әдістемелеріне көз жүгіртсек, небір алуан реңктегі қолданыстарға тап боласыз. Бұл заң терминдерінің сөздігін жасаудағы мол қазына.

Заң терминін қалыптастыруда тілдегі лексикалық-семантикалық ерекшелікті ескеру де шарт. Заң ғылымдарының докторы, профессор Б.Мақұлбеков «Заң терминдерінің ерекшелігі сол, олар қабылданған құқықтық актілердің заңнамалық күшін айқындауда үлкен роль атқарады, олардың басқа құжаттардан айырмашылығын білдіреді. Қабылданған заңнама актілері көпшілікке түсінікті болу үшін қолданылған терминдердің логикалық нанымдылығына, пайдалану орнына, заңдылық тұрғыдан тиімділігіне баса назар аударған жөн», – деген пікірі орынды. Күнделікті қолданыстағы құқықтық қатынас саласында белгілі бір бағыттағы нормалық терминдер қажеттілігінің туындауы заңдылық. Осыдан келіп заң терминдерін толықтыру, жетілдіру, оның қолданыс аясын кеңейтудің өзектілігі келіп туындайды. Заң актілерінің мәтіндерін орыс тілінен мемлекеттік тілге аудару нәтижесінде бүгінде күнделікті қолданысқа енген терминдер қарасы да молшылық. Алайда, мұның басты кемшілігі қолданысқа енген терминдер

орыс лексикасы қойнауынан шыққандықтан, оның бойында қазақ тіліндегі баламасының ұлттық колориті солғын, түсіндірмесі көңіл көншітпейді. Еуропа тілдерінен алынған баламалардан да осы көрініс байқалады. Ал заңнама терминдерін біріздендіруді жүйелеу де күн тәртібіндегі өткір мәселелердің бірі болып саналады. «Заңның нормалық нақтылығы мен лексикалық мағынасының үйлесімін артық-кемсіз өлшемдей білу арқылы ғана толыққанды термин түзуге болады. Осы екі шартты үйлестіру жолымен термин жасамда ойлағандай нәтижеге қолжеткізуге болады», – деген зерттеуші пікірі орынды. Терминді жүйелеуде оның ішкі, сыртқы факторларын саралай отырып, олардың қолданыстағы үйлесімділігі мен үндестігіне де естен шығармаған абзал.

М.Айымбетов «Заң терминдері сөздігін түзудің кейбір мәселелері» атты ғылыми мақаласында заң терминдерін түзіп, қалыптастыру бағытында өзекті мәселелерді көтере отырып, оны шешудің бағыт-бағдарын саралап, салмақтайды. Қолданыстағы термин қоры, оны жинақтау, жүйелеудің әдіс-тәсілдері, сөздік түзудегі ізденістің ғылым-теориялық бағыттарын бағамдап, «мемлекеттік тілде заң терминдері қалыптаспаған немесе өз деңгейінде емес, өйткені ол біріздендірілген жоқ» деген пікірдің негізсіздігіне сыни көзқарасын білдіреді. Тәуелсіздік тұғырына қонған 30 жыл аясында Парламент ондаған кодексті, мыңдаған заңдар мен заңнан туындайтын актілерді қабылдаған. Осылардың дені дерлік орыс тілінде даярланғанымен, мемлекеттік тілге аударылып, ауқымды жұмыс істелгені айқын. Заң аумағы саласындағы кәсіби мамандар, тілші-ғалымдар, заңгерлер қабылданатын заңға тыңғылықты сараптама жасап, Парламенттегі салалық комитеттерге жолданып, одан әрі депутаттардың талқылауына ұсынылады. Әрине, қабылданып жатқан заңдардың бәрі бірдей төрт аяғын тең басып тұрмағаны белгілі. Өйткені, кез келген саладағы сөздікті түзу де аса күрделі жұмыс. Заң құжаттарын аударғанда сан саладағы салалық сөздіктер кеңінен қолданысқа араласады. Қашанда заңда құқық дәлдігі, норма нақтылығы, термин бірізділігі аса қатаң сақталуы басты қағидат болып табылады. Қабылданған, қолданыстағы заң актілерін зерделегенде осы шарттардың сақталғаны, мемлекеттік заң тілінің орнығып келе жатқаны байқалады.

Дей тұрсақта күні бүгінге дейін «әттеген-айлап» келе жатқанымыз ана тілімізде қабылданған заңның тым аздығы. Мәселен, «Әділет» нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінің мәліметтеріне сүйенсек, тәуелсіздік жылдары үш мыңнан астам заң қабылданыпты. Солардың үшеуі ғана мемлекеттік тілде дайындалған («Көші-қон туралы» (бастамашысы – Ә.Ысқақ), «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары тура-

лы» (Ф.Оңғарсынова), «Баланың құқықтарын ақпараттан қорғау туралы» (А.Смайыл). Олардың өзі депутаттардың бастамасымен әзірленген. Ал Үкімет мемлекеттік тілде күні бүгінге дейін бірде-бір заң жобасын ұсына алмай келеді. Талпыныс бар, бірақ нәтиже көңіл көншітпейді. Сондықтан сөзден іске көшетін мезгіл жетті. Баяулық, батылсыздық пен жігерсіздік астасқан тұста бұл қол жетпес армандай көрінеді.

Еліміз тәуелсіздігін алып, халықаралық аренаға шыққан кезеңнен бастап алыс-жақын шетелдермен байланыс нығайып, қатынас ұлғайудың арқасында шарттар, келісімдер, келісімшарттар, меморандумдар, хаттамалар нәтижесінде күнделікті аударма бағытында тың тіркестер мен жаңа терминдер пайда болды. «Аптаның өн бойында қабылданып жатқан заң жобаларының орыс тілінде дайындалып, кейін мемлекеттік тілге аударылатыны құпия емес. Ал заң жобаларының орысша мәтіндері батыс елдерінің үлгі заңдарына (әсіресе ағылшын тіліндегі) негізделіп жазылады. Соның салдарынан өміріміздің алуан түрлі саласына арналған заңдарымыздың қазақ тіліндегі мәтіндері шет елдердің тіл ерекшеліктеріне бейімделгендіктен, сөз тіркестері, әсіресе жалпыға белгілі қазақы ұғымдар қасаңданып, қарапайым халықты айтпағанда, маман-заңгерлердің де түсінуін қиындатады. Термин сөздерді қолданғанда олардың мәні мен қызметін ескере отырып, ана тіліне нұқсан келтірместен, қазақ тілінің сөздік қорын барынша толық пайдалану қажет», – деген кәсіби маман аудармашы Б.Шолан пікірі орынды. «...Заңның мемлекеттік тілде сөйлеуі үшін, жақсы сапалы сөздіктер түзу үшін алдымен күнделікті ресми мәтініміздің сапасын түзеуіміз керек. Заң жазудағы сөздік қорымызды молықтыру жолында тілшіміз бар, заңгеріміз бар, бір кісідей жұмылып жұмыс жасауымыз қажет. Сөздікті ешкім ойдан құрастырып жасмайды. Тілдік байлығымызды құрайтын, оны дамытатын халықтың бай тілінің сарқылмас қазынасы – тарихи-этно лексикамыз бар. Соның мүмкіндігін бүгінгі жаңа нышандағы тың атаулармен, баламалармен қоржыны молығып келе жатқан лексикамызбен үндестіре, үйлестіре пайдалансақ, заң жазатын тіліміздің де мүмкіндігі кеңейіп, термин сөздіктеріміздің де мазмұнын байытып, олардың қолданыстық әлеуетін нығайта түсер едік» деген М. Айымбетов 2011 жылы айтқан осы жолдар бүгінгі таңда кезең-кезеңмен болса да жүзеге асырылып жатыр.

Заңгерлерге, лингвист мамандарға және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған «Заңнама терминдерінің қазпақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» алғашқы басылымы 2011 жылы ҚР Заңнама институтының бастамашылығымен жарық көрді. Сөздіктің түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, терминдерге түсіндірмелік жасалған жаңа редакциядағы екінші басылымы

2015 жылы М.Айымбетовтің жалпы редакция басшылығымен жүзеге асты. Сөздікте негізінен 20 жылдан астам уақыттың ішінде қабылданып, қолданысқа енгізілген ҚР Заңдарының мәтiнiнде пайдаланылып жүрген терминдер мен тұрақты тіркестер қамтылған. Оған қосымша жыл сайын институттың Лингвистика орталығының мамандарының күшімен жеке сөздік құрастырылып, заңға бастамашылық жасайтын органдардың аудармашыларына тарату жоспарланған. Сонымен қатар, жиі қолданылатын терминдер мен тұрақты тіркестер сұрыпталып, олардың Мемлекеттік терминологиялық комиссия мақұлдаған баламасы «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов) кезекті басылымына енгізіледі. Қазір бұл сөздіктің толықтырылып, редакцияланған төртінші басылымы дайындалу үстінде. Мұндай сараптамалық зерттеу заңдар мен халықаралық құжаттарда қолданылатын заң терминдері мен заңнама ұғымдарының тезаурусын бірізге түсіру арқылы аудармадағы теңтүпнұсқалықты қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз.

Қай сала болмасын кеше де, бүгін де кез келген бағытта білімді һәм білікті мамандарға зәру. Ал, мемлекеттің, елдің, халықтың күнделікті кез келген саласында сағат санап бетпе бет кездесіп отыратын қолданыстағы заң терминдерінің білікті маман талғамынан шығуы қажеттілік болып табылады. Орталықтың ғылыми қызметкерлері Парламентке ұсынылатын заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жасайды. Парламент ресми қабылдаған кодекстер, салалық заңдардың тең түпнұсқалығына сараптама жасалып, іргелі ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Іргелі ғылыми зерттеулер азаматтық, әлеуметтік және экономикалық, қаржылық, шаруашылық, көлік, өнеркәсіп, құрылыс, байланыс, сыбайлас жемқорлық, ақпараттық қамтамасыз ету, кәсіподақ, медициналық сақтандыру, денешынықтыру және спорт салаларымен байланысты заң терминдерінің құқықтық-нормалық анықтамалар мен сөздіктер жасауға арналды. 2018 жылдан бастап Орталық ғылыми зерттеудің объектісі ретінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар, келісімдер, хаттамалар, конвенциялар, келісімшарттар мен меморандумдарды да қарастырады. Осы орайда Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Лингвистика орталығында тәжірибелі, бесаспап мамандар да баршылық. Ұзақ жылдар бойына тізе қоса, бірлесе табанды жұмыс атқарып келе жатқан Е.Сафуани, Б.Шолан сынды өз ісінің білгір мамандары да күнделікті орталыққа келіп жатқан Заңдардың сапалы даярлануына өз үлестерін қосуда. Ал Лингвистика орталығының жетекшісі, заң ғылымдарының кандидаты Н.Примашевтің

жетекшілігімен түрлі саладан даярланып жатқан Заңдардың мазмұндық, ғылыми, орфографиялық жағына ерекше мән берілсе, институт директоры, қоғам қайраткері Р.Сарпековтің басшылығымен институт мамандары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шеңберде нормативтік құқықтық актілерді, заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша ғылыми жәрдем көрсету және оларды ғылыми сүйемелдеуді жүзеге асыру; жүргізілген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыруға бағытталған заңнамалық актілер жобалары мен олардың тұжырымдамаларын әзірлеу; ҚР заңнамасында белгіленген шеңберде заң шығару бастамасы құқығына ие құқық субъектілері заң жобаларының және заңнамалық актілер жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде оларға ғылыми жәрдем көрсету; ҚР заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын (заңнаманы жетілдіру тұжырымдамаларын) әзірлеу; заңнамалық актілер жобаларына, ҚР қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсету; заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізу (нормативтік құқықтық актілерді талдау) бойынша қызметтер көрсету; ҚР және шет мемлекеттердің заңнамасына салыстырмалы-құқықтық зерттеулер жүргізу; кодекстерге және өзге де заңнамалық актілерге ғылыми-практикалық түсіндірмелерді дайындау т.б. бағыттарда өнімді жұмыс жасауда.

Қарымды қаламгер, кәсіби тілші-лингвист, білгір ұйымдастырушы Мәди Айымбетов қаламынан туған жиырмадан астам прозалық кітабын оқырманға ұсынған жазушының мемлекеттік бағдарламамен таңдамалы шығармаларының 5 томдығы жарық көрсе, 2021 ж. «Фолиант» баспасынан «Бопай ханым» атты тарихи романы оқырмандар қолына тиді. Еліміздің Заң саласы бағытында даярланған, қабылданған, бүгінде ел игілігіне айналған 3 мыңнан астам құнды дүниеге қосқан үлесін мақтан тұтатын ол қай кезеңде де сүйікті ісі шығармашылық қаламын да қолынан тастамайды. Тау етегінен алыстаған сайын оның биіктігі байқалатыны сынды өз саласының білгір, еңбекқор, кәсіби маманы ел ертеңінің бүгіннен де жарқын, жасампаз боларына нық сенімді.

Заң саласының білгірі атанған тілші-лингвист болашақта Заң терминдерін жаңадан жасау, жүйелеу, толықтыру үшін мына мәселелер басшылыққа алынса: Терминжасам қағидаттары базалық негізге алынып; Басқа тілдерден терминдер алғанда ең алдымен терминжасамның негізгі көзі – мемлекеттік тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдері пайдаланылса; Әлемдік тілдердің көпшілігінде жалпы қолданыстағы және кең тараған терминдер

қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне бейімделсе; Терминжасам қағидағтарын толықтыратын нақты критерийлер әзірленсе, – дейді.

Қорыта айтсақ, заңның мемлекеттік тілде сөйлеуі, сапалы сөздіктер түзу үшін алдымен күнделікті ресми мәтініміздің сапасын түзеуіміз қажет. Заң жазудағы сөздік қорымызды молықтыру жолында тілші-заңгерлер атқарар міндет те ауқымды. Сөздік жасау, жинақтау, жүйелеу, құрастыру осы сала мамандарынан асқан білімдарлық пен кәсібилікті қажетсінеді. Тілдік мұрамызды байытып, кез келген салада тіл қазынасын толықтыратын – халықтық, ұлттық бай қазынамыз бар. Жазу, сөйлеу тіліміздегі бар атаулардың уақыт ағынымен қосыла күн сайын молығып келе жатқандығын ескерсек, жинақталып, жүйеленген заң терминдерінің күнделікті қолданыс аясын кеңейту басты талаптардың бірі болып табылады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ МЕН СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

САЯ ИТЕГУЛОВА,

Филология ғылымдарының кандидаты

Мектептің білім беру жүйесіндегі басшылыққа алынатын негізгі құралы – оқулыққа артылар жүк ауыр. Өйткені бұл басты кітапта пәннің мазмұны баяндалып қана қоймай, оқушыларға алғашқы ғылыми түсінік беріледі. Оқулықтың алдын ала жоспарланып, бекітілген оқу бағдарламасына, оқытудың дидактикалық талаптарына, оқыту мақсатына сай келуі оған қойылатын басты міндеттердің бірі.

Оқулыққа қойылатын педагогикалық талаптардың қатарында оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы да бар. Демек, оқушылар белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін ғылыми терминдермен алғаш рет оқулықтар арқылы танысады.

Мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне сәйкес ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салаларын, ондағы деректі және дерексіз ұғымдардың атауларын, яғни салалық терминологияны игере бастайды. Сондай-ақ оқулықтарда бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін салааралық терминология да кездесіп жатады.

Мектеп оқулықтарының басым көпшілігінде назардан тыс қалып келе жатқан мәселенің бірі – оқулықтардағы терминдердің берілу жағдайы. Атап айтқанда, «Оқулықтардағы мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келе ме? Баламалы терминдерді беруде терминге қойылатын талаптарға мейлінше сәйкес келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі сақталған ба? Әр сынып оқулықтарындағы салааралық терминдердің, тіпті салалық терминдердің дефинициясы бірдей формаға немесе жүйеге келтірілген бе?» деген сұрақтар туындайды.

Филология ғылымдарының докторы, жетекші терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы «Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі» атты мақаласында мектеп оқулықтардағы терминдер қолданысының, оларды оқулыққа енгізудің жай-күйі көңіл аландатарлық екенін, ретке келтіруді қажет ететін, ойласатын тұстардың аз емес екенін нақты мысалдар арқылы санамалап берген еді. Ғалым әсіресе бастауыш сынып оқушыларына олар мәнін толық түсіне алмайтын күрделі терминдерді үйіп-төгіп берудің пайдасынан гөрі тигізер зияны көбірек екенін айтқан-ды. Оқулықтарда тілде әлі толық орныға қоймаған жаңа атаулардың да аз ұшыраспайтынын, мек-

теп оқулықтарында неологизмдер мен жаппай қолданысқа енбеген жаңа терминдердің шектен тыс көп қолданылуы белгілі дәрежеде қиындықтар туғызатынын айта келіп, «мектеп оқулықтарына негізінен ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің енгені жөн. Оқулық авторларының бұған баса мән бергені абзал...» деп тұжырымдаған болатын [1].

Осы жерде біз басты тақырыбымыздан сәл шегініс жасап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясы туралы айта кеткенді жөн көрдік. Баспасөз беттерінде, оқулықтар мен кітаптарда Терминологиялық комиссияда мақұлданбаған терминдерді қолдану жиі байқалады. Бұның бір себебі аталмыш комиссияның заңдық күші жоқтығына барып тіреледі. Ал екінші жағы бекітілген терминдердің жұртшылыққа жеткілікті деңгейде насихатталмауынан да туындайды.

Осы кемшіліктерді жоюдың бір тетігі ретінде «termincom.kz» сайтында терминтану ғылымының бүгінгі ахуалы мен терминжасамның басты қағидалары бойынша көпшілікке ақпарат беруге арналған электрондық алаң іске қосылған болатын.

2021 жылы электрондық алаңның мазмұны жетілдіріліп, қазақ терминологиясының қордаланған тағы бір мәселесін шешу мақсатында «Мектеп терминологиясы» бөлімі ашылды. Бұл бөлімге 2254 термин енгізілген. Терминдер тізбесін жасау барысында «оқулық.кз» сайтында орналасқан мектеп оқулықтарында берілген глоссарийлер төмендегі пәндер бойынша сүзгіден өткізілді. Олар:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Биология
- География
- Геометрия
- Дүние жүзі тарихы
- Дүниетану
- Жаратылыстану
- Информатика
- Көркем еңбек
- Қазақ тілі
- Қазақ әдебиеті
- Қазақстан тарихы
- Математика
- Музыка
- Физика

• Химия

Оқулықтардағы терминдер аталған пәндер бойынша әліпбилік тәртіпте берілген. Терминдердің реттік нөмірі қойылып, әр сыныпқа бөлініп көрсетілген, дефинициясы ашылған [2].

Терминдердің дефинициясын ашу тұрғысынан оқулық авторларының пән-аралық байланысқа аса мән бермегендігі байқалады. Мәселен «астрономия» термині мен дефинициясы 2-сыныптың дүниетану, 1, 5 және 6-сыныптардың жаратылыстану оқулықтарында кездеседі [3].

Термин атауы	дефинициясы	пәні	сыныбы
Астрономия	аспан денелері, олардың құрылысы, қозғалысы туралы ежелгі ғылым	Жаратылыстану	1
	Күн, Ай, Жұлдыз сияқты аспан денелерін зерттейтін ғылым	Дүниетану	2
	аспан денелерін зерттейтін ғылым. Мысалы, жұлдыз, астероид және планеталар	Жаратылыстану	5
	аспан денелерінің және аспан жүйесінің пайда болуын, қозғалысын, орналасуын, құрылысын зерттейтін Ғалам туралы ғылым	Жаратылыстану	6

Көріп отырғанымыздай, терминнің дефинициясын беруде оқушылардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Бірінші сыныптағы дефиниция екінші сыныптағыға қарағанда күрделі. Одан басқа «егер оқушы бірінші сыныптан бастап бұл терминмен таныс болса, алтыншы сынып оқулығының глоссарийіне енгізудің қажеттілігі қандай?» деген сұрақ туындайды.

Бірінші сыныптарға арналған Дүниетану оқулығында «эмоция» терминінің дефинициясын бір ғана «сезім» сөзімен берсе, осы пәннің үшінші сыныпқа арналған оқулығында «триумф» сөзінің дефинициясын «даңқ» деп қорыта салады. Ал 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында «шаруа» терминінің дефинициясын «қатардағы көшпелі-малшы» деп береді. Бұл мысалдардан оқушылардың жас ерекшелігі ескерілмегенін былай қойғанда терминнің анықтамасының өзі ашылмағанын көреміз [3].

Мектеп оқулықтарында қолданылып жүрген терминдердің ішінде Терминологиялық комиссияда мақұлданған, қолданысқа тым тәуір еніп

кеткен нұсқасының болуына қарамастан игерілмей берілген терминдердің жиі кездесетіндігін байқадық. Бұған 4-сыныптың "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" оқулығынан бірнеше мысал келтіруді жөн көрдік. Оқулықта видеоадаптер, пароль, презентация түріндегі терминдер кездеседі. Адаптер термині 2015 жылдан бері бейімдеуіш болып қолданылып келеді. Оқулық авторы видеобейімдеуіш түрінде алса, кірме термин ұлттық танымымызға бір табан жақындар еді. Ал пароль – құпиясөз, презентация – таныстырылым түрінде жалпы қолданысқа еніп кеткелі де бірқатар уақыт болды [3].

№	Оқулықтағы термин	Пәннің аты, сыныбы	дефинициясы	Бекітілген нұсқасы Бекітілген жылы
1.	Видеоадаптер	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4-сынып	процессордан немесе есте сақтау құрылғысынан мониторға келіп түсетін ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын ішкі құрылғы	Адаптер – бейімдеуіш, 2015 жыл
2.	пароль	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4-сынып	қолданушының өзі туралы ақпаратты растауға арналған құпия сөзі немесе таңбалар жиынтығы	Құпиясөз, 2018 жыл
3.	презентация	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4-сынып	баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмыс жоспарын көрсету және дайын ақпараттармен бөлісу	Таныстырылым, 2016 жыл
4.	модернизация	Дүниежүзі тарихы, 9-сынып	(франц. жаңғырту) артта қалған елдердің алдыңғы қатардағы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттік саясаты	Жаңғырту, 2000 жыл
5.	Модернизациялау	Қазақстан тарихы, 9-сынып	нысанды жаңалау, жетілдіру, оны жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық жағдайларға, сапалық көрсеткіштерге және т.б. сәйкестендіру	Жаңғырту, 2000 жыл

6.	Миграция	Қазақстан тарихы, 9-сынып	бір жерден екінші жерге көшу, қоныс аудару	Көші-қон, 2016 жыл
7.	Диверсификация	Дүниежүзі тарихы, 10-сынып	жаңа салаға (номенклатуралық өнімдерді, көрсетілетін қызмет түрлерін т.б. ұлғайту) шаруашылық әрекеттерді тарату	Әртарпаптан-дыру, 2018 жыл
8.	дискриминация	Дүниетану, 4-сынып	құқыққа шек қою немесе құқықты жою саясаты	кемсіту, 1995 жыл, 2018 жыл
9.	дефицит	Дүниежүзі тарихы, 11-сынып	бағалардың өз құнынан төмен кезеңіндегі сұраныс көлемінің ұсыныстан артық болуы	Тапшылық, 1971-1981 жылдар дефицит бюджета - бюджет тапшылығы, 2017 жыл

Мектеп терминологиясы бөліміне енгізілген терминдерді зерделеу барысында терминдердің басым көпшілігі кірме терминдер екенін байқадық. Бұл терминдер орыс тілінің заңдылықтарына сүйене отырып алынған. Орыс тілі делдал тіл ретінде қызмет атқарып, цитаталық принциппен тілімізге сіңіп кеткен терминдерді игерілген терминдер дей алмайтынымыз анық. Бұл мәселе төңірегінде өткен ғасырдың басында Алаш зиялылығынан бастап кейінгі тілші ғалымдарға дейінгі бірнеше толқын сан мәрте айтқанымен әлі күнге шешімі табылмай келеді. Профессор Н.Уәли: «Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды... Өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі) көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды» деп атап өткен болатын [4]. Оқулықтардағы терминдерді сараптау барысында авторлардың осындай таптаурыннан ада болмағанын байқадық.

Қорыта айтқанда, мектеп терминологиясын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров сияқты Алаш қайраткерлерінен бастау алып, бүгінгі жетекші терминологтар ұстанған терминжасам қағидаттарының негізінде дамытқан дұрыс деген пікірдеміз.

Біріншіден, оқулықтарда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам

тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану арқылы қалыптасқан ұлттық термин-қорымызды қолдану;

Екіншіден, көршілес халықтарының бәріне сіңісті болған кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне сай икемдеп алу;

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясы тарапынан мақұлданған терминдерді пайдалану;

Төртіншіден, терминдердің дефинициясын ашу тұрғысынан пәнаралық байланысқа аса мән беріп, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі // «Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы = Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы = Modernization of educational resources: experience and perspectives» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.) / ред. – С.К.Омарова. Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 471 б. (қазақша, орысша, ағылшынша)

2. <https://termincom.kz/>

3. <https://www.okulyk.kz/>

4. Уәли Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410б. 179б.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ

МАДИНА АНАФИНОВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Шетел филологиясы кафедрасы профессорының міндетін атқарушы,
филология ғылымдарының кандидаты*

Бұл мақала жалпы білім беретін мектептердің әртүрлі мақсатты топтарында тілді арнайы мақсатта оқыту (ТАМ) мәселелеріне, тек шет тілі сабақтарында ғана емес, жалпы алғанда көптеген пәндер бойынша, терминологиялық корпус бірліктерін пайдаланудың қиындықтарын түсінуге үйрету мәселелеріне бағытталған.

ЖОО-ның қазіргі білім беру бағдарламаларында болашақ мамандардың тілдік даярлықтарын дамыту мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде. Мысал ретінде шетел филологиясы мамандығының ОБ-ын келтіруге болады. Магистратурада ТАМ оқытумен қатар терминология курсы енгізілді. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу дипломдық жұмыстары көбейген сайын кәсіби бағытталған сөйлеу регистрінің көп буынды аспектілеріне: неологизацияға, гибридизацияға, интерференциялық мәселелерге, сондай-ақ ТАМ оқытудың лингводидактикалық аспектілеріне арналған.

Біздің еліміз көпұлтты мемлекет, бүгінде ол өзінің мәдени және тілдік дамуының күрделі, қайшылықты кезеңін бастан өткеруде, оған Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасында сипаттары берілген тілдік ахуал дәлел. Сонымен қатар, еліміздің «Қазақстан 2030» даму стратегиясындағы үштілділік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ағылшын тілінің өмірдің барлық саласына, соның ішінде ғылымға енуін ынталандыруда [1]. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қазіргі қазақстандық терминдер корпусына ағылшын тіліндегі терминологиялық бірліктердің белсенді түрде енуі байқалады.

Арнайы мақсаттағы тіл (LSP) – тілдің функционалдық түрі, оның мақсаты белгілі бір пәндік-кәсіби қызметте нақты және тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету болып табылады. Ағылшын тілінің терминологиялық жүйесінде барлық арнайы лексика терминдер *register, professional talk official technical terminology, plain English, professional slang*, сияқты кәсібилік ұғыммен сәйкес келетін терминдермен белгіленеді [2, 28].

Бұл мәселенің маңыздылығын, соңғы заманауи зерттеулер аясында дәлелдеген екінші тілдегі техникалық лексика (L2) университеттегі оқудың алғашқы жылдарындағы студенттердің жетістіктеріне кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі болып табылатынын, назардан тыс қалдыруға болмайды [3]. Көптеген еуропа елдерінде [4], мысалы, иммерсиондық бағдарламалар негізінен академиялық мәтіндер мен сөйлеуді қайталап талдау негізінде жоғары білім алғанға дейін мамандандырылған салалардағы мектеп оқушыларының лексикалық қамтылуын жақсарту арқылы мәселені жеңілдетуге көмектесті. Дегенмен, бұл бағдарламалардағы тілге деген көзқарас негізінен жасырын, өйткені терминдер оқу жоспарында пайда болу ретімен ғана оқытылады.

Регистр туралы айтқанда, әдетте тілдің әртүрлі ситуациялық контексттегі функционалдық алуан түрлілігін айтамыз. Терминнің өзі жүйелік-функционалдық лингвистика аясында біршама өзгерістерге ұшырады. Өзінің бастапқы мағынасында регистр контексттің берілген түріне тән типтік лексикалық және грамматикалық бірліктерден тұратын мәтіндік үлгі [5].

Бастауыш терминологияны меңгеру стратегияларын мектепте оқыту жалпы тіл және арнайы дискурс құзыреттілігі тұрғысынан L2 тілін үйренуге оң әсер етуі мүмкін. Күтілетін артықшылықтар студенттерге L2 арқылы академиялық пәндер бойынша оқытылатын мазмұн мен кіріктірілген тілді оқыту (CLIL) үлгілеріне негізделген қос тілді бағдарламаларда айқынырақ болуымен анықталады.

Жалпы артықшылықтар мыналарды қамтуы мүмкін:

а) студенттерге ана тілінде немесе L2 пәнінен бұрын алған білімдерін кеңейтуге көмектесу;

б) студенттерге өз бетінше зерттеушілік талдау, мәліметтерді ұсыну және нәтижелерді интерпретациялау сияқты қажетті академиялық дағдыларды үйрету;

с) студенттерге қандай дәрежеде оқу немесе қандай кәсіптік мансапты жалғастыру керектігі туралы негізгі шешім қабылдауға көмектесу. Ұсынылған құрылым оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып отыруды немесе студенттер арасында кәсіби білімді белсендіру бойынша іс-шараларды өткізуді қажет ететін мұғалімдер үшін қосымша тиімді болуы мүмкін.

Шет тілін оқытуда және/немесе аудиторияда терминологиялық тәжірибені қалай жүзеге асыру керек деген сұрақ туындайды. Ең алдымен, бұл студенттерді терминжасам процесінің басты назарына қоятын дидактикалық негізді қамтамасыз ету. Негізінде олардың мақсаты таңдалған дереккөздерден ғылыми мәтіндер жинағын құрастыруды үйрену, содан кейін олардан арнайы онлайн бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы автоматты түрде арнайы сөздік алу.

Көп сатылы әдістеме ұсынылады.

1-кезеңде мұғалім оның дерексіздігі, нақтылығы және толықтығы сияқты негізгі белгілеріне баса назар аудара отырып, академиялық тіл және техникалық лексикамен таныстырады. Бұл кезеңде ол сондай-ақ студенттерге кейінгі іс-әрекеттерге қажет болатын «терминологиялық» бірлік («яғни, мамандандырылған ой бірлігі) және «корпус» (яғни, мәтіндердің принципті жинағы) ұғымдарымен таныстырады. Мысалы, мұғалім бірнеше белгілі терминдердің лексикографиялық анықтамасын көрсетіңіз немесе балама ретінде сыныпқа кездейсоқ таңдауға рұқсат етіңіз. Бұл бастапқы қадамның маңыздылығы студенттердің жалпы және ғылыми дискурстың айырмашылығын ажырата алуында. Осы мақсатта мұғалім студенттердің білімі мен мақсаттарындағы айырмашылықтарға қарамастан, терминологияның маңыздылығын көрсету қажет.

2-кезеңде студенттер оқу бағдарламасының негізгі пәндерін бастапқы нүкте ретінде пайдалана отырып, талдау үшін тақырыпты таңдайды. Олардың мақсаты – мұғалімнің қолдауымен – терминологиялық тұрғыдан қызықты болуы мүмкін салаларды анықтау, содан кейін оларды түйінді сөздермен нақтылау. Мұғалімнің оқушы білімін сыныптағы жалпы қызығушылық тудыратын тақырыптарды анықтап, олардың сабаққа қатысуын ынталандыратындай етіп дамытуы маңызды.

Мектептегі терминологиялық жұмыс – мектеп оқулықтарының күрделі мәтіндерімен жұмыс істеуге, теориялық материалды тереңірек түсінуге дайындық кезеңі.

Жетілдірілген кезеңде мұғалім, оқытушы студенттерге ғылыми мақалалардың онлайн түрлерін бере алады, бұл болашақта барлық үш тілдегі сияқты күрделі терминологиялық лексиканы түсінуге негіз болады. Екі құнды ресурс – бұл көптеген оқушыларға қолайлы ақпараттық мәтіндерді ұсынатын веб-сайттар мен корпус. Сонымен қатар, WebQuest студенттерге академиялық анықтамалықтар мен тақырыптық веб-сайттарда тәуелсіз іздеу жүргізуге мүмкіндік беру үшін ұсынылуы мүмкін.

Толығырақ, мен мәтіндік корпусы пайдалануға жүгінгім келеді. Дәстүрлі түрде лингвистер корпус терминін терминологиялық жұмыстарға негіз бола алатын табиғи (түпнұсқалық) тіл деректерінің жинағына сілтеме жасау үшін пайдаланады. Кеннедидің пікірінше, корпус – «электрондық деректер қорындағы мәтіндер жинағы» [6]. Корпус лингвистикасы технология мен лингвистиканың бірігуі ретінде қарастырылады, өйткені корпус лингвистикасы: «мәтіндік корпусқа негізделген тілді зерттеу» [7] деп анықтама береді. Тілдік корпус жазбаша мәтіндер мен ауызекі тілден тұрады және оларды компьютерлер өңдейді. Компьютерлердің қуаты мен мүмкіндіктерінің артуына

байланысты корпустардың көлемі, әртүрлілігі және қол жеткізу оңайлығы айтарлықтай жақсарды.

Біздің ойымызша, Терминком ұсынған мектеп терминдерін таңдаудың ең тиімдісі контекстте болғандықтан, біз жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің корпусымен таныстыруды ұсынамыз. Тілдік корпус жаңартылған тілдік материалды, ағымдағы лингвистикалық орта туралы ақпаратты, соның ішінде жиілік туралы ақпаратты, анықтаманы, аударманы, дыбысқа сілтемелерді, кескіндерді, бейнелерді, синонимдерді, байланысты сөз формаларын, тақырыптарды, сөз тіркестерін, кластерлерді және сәйкес жолдарды қамтиды. Қазіргі уақытта қазақ тілін Алматыдағы Қазақ тілінің корпусы (АҚТК), Қазақ тілінің Ұлттық корпусы, қазақ тілінің корпусы жақында ғана жұмыс істей бастаған және тілдік материалдың көлемі аз. Төменде қазақ тілінің үш корпусы, орыс тілінің екі корпусы және ағылшын тілінің үш корпусы берілген (1-кесте).

Кесте 1. Қазақ тілі ұлттық лингвистикалық корпусы

№	Атауы, құрастырылған жылы	Құрамы	Қол жеткізу	Белгілеу
1.	Алматы қазақ тілі корпусы, 2013	40 миллионнан астам сөз	http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru Свободный онлайн доступ	Морфологиялық, корпусның сөз формаларының 86% грамматикалық талдауға ие. Корпуста омонимия түсірілмеді
2.	Қазақ тілінің ұлттық корпусы, 2020	30 миллионнан астам сөз	http://qazcorpus.kz/indexru/ Свободный онлайн доступ	Морфологиялық және синтаксистік
3.	Қазақ тілі корпусы, 2021	335 сағат аудио жазба	https://issai.nu.edu.kz/ru/корпус-казахского-языка/	сөйлеуді тану және сөйлеу синтезі

Жоғарыдағы кестеде қарастырылатын лингвистикалық корпусның құрамы, қолжетімділігі, режимі, сипаттамаларын қамтитын негізгі параметрлерін ұсындық [8].

Педагогикалық тұрғыдан алғанда Терминологияның үш негізгі қасиеті бар: біріншіден, ол көптілді; осылайша, ұсынылған оқыту моделі пәндік

салаларға қарамастан кез келген шет тілінің мазмұнына және/немесе сабағына қолданылуы мүмкін. Екіншіден, үміткер терминдерді контекстте тексеруге болады, өйткені бұл пайдаланушыларға алынған терминдердің мәнмәтінін олардың мағынасын оңай анықтауға болатындай тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, терминді түсіну процесін жылдамдату үшін экстрактор функционалды және жалпы сөздерді алып тастауға мүмкіндік береді, өйткені екеуі де терминологиялық тұрғыдан маңызды емес, сонымен қатар сандар немесе таңбалар сияқты лексикалық емес элементтер.

Орта білім беру жүйесінде кәсіби-бағытталған сөйлеу регистрін оқытудағы интегративті әдіс туралы айта отырып, терминологияны оқытудың маңызды құралдарының бірі ретінде сабақта гипермәтіндік презентациялардың маңыздылығын атап өткен жөн. Гипермәтін – білімді тұжырымдамалау, сақтау, өңдеу және беру үшін қолданылатын кескін. Білім форматы ретінде кескінді таңдау танылатын объектінің қандай да бір ерекшелік белгісін бөліп алу қиын болған жағдайларға тән. Осыған байланысты ол біртұтас ретінде қабылданады, ал оны анықтау үшін таным субъектісіне белгілі басқа объект қажет, ол белгілердің елеулі жиынтығы арқылы танылады [7. 31б].

Гешталыт білім форматы ретінде объектінің сезімдік және рационалды сипаттамаларының ыдырамайтын бірлігі болып табылады. Басқаша айтқанда, ол бейнелі де, ұғым бірлігі де кездеседі. Бұл білім форматтарының барлығы кәсіби қызмет салаларына қатысты. Объектілер, процестер, олардың қасиеттері мен қарым-қатынастары туралы кәсіби маңызды ақпараттың концептуализациясын сол немесе басқа форматтағы «презентация» арқылы бағалай аламыз, ол плакаттарды, инфографикаларды, ақыл-ой карталарын қоса алғанда, әртүрлі форматтар үшін кавер-термині ретінде пайдаланылады, парақшалар, уақытша кадрлар, комикстер немесе дәстүрлі слайд көрсетіліміне мән қосатын компьютерлік анимациялар.

Осы форматтардың кез келгені нәтижеге негізделген іс-әрекеттер студенттерге ғылыми тұжырымдамаларды шығармашылықпен түсінуге, сондай-ақ болашақ жұмыста пайдалы болатын кәсіби көзқарастарды дамытуға мүмкіндік береді. Презентация жасау үш негізгі тапсырманы қамтиды.

Алдымен студенттер терминдердің таңдауын және әрқайсысының қысқаша анықтамасын қамтитын глоссарий жасайды. Анықтамада терминдермен көрсетілген процестер, сапа және т.б. көрсетілуі керек.

Екіншіден, студенттер анықтамаларды жақсы көрсететін графикалық дизайнмен жұмыс істейді.

Үшіншіден, сыныптағы оқушылар сұрақ-жауап диалогында терминологияны пайдалана отырып, қарым-қатынасқа белсенді қатысады. Осы үшінші

тапсырмада сынып коммуникативті жағдаят ретінде пайдаланылады, мұнда әрбір студент (немесе студенттер тобы) өздерінің презентацияларында әртүрлі ұғымдар туралы ең өзекті фактілерді түсіндіреді, ал қалған студенттер L2 арқылы белгілі бір аспектіні талдап, түсініктеме береді [9].

Осыған байланысты, осы зерттеуде ұсынылған терминологиялық әдістемесі білім алушыларға техникалық сөздік қорын кеңейтуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар CLIL контекстіндегі пәндердің мазмұны туралы білім алуда шешуші көмек көрсетуге бағытталған. Бұған компьютерлік және ақпараттық ресурстарды біріктіретін кешенді тәсіл арқылы қол жеткізу мүмкіндігі бар. Дәстүрлі L2 педагогикалық оқыту стратегиялары бар әдістерге оқу, жазу және шет тілін лингва франка ретінде пайдалану жатады. Терминологияның пәндік мазмұнына негізделген бұл тәсіл студенттердің тілді меңгеруі мен оқытудың коммуникативті аспектілері арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін, тілдерді дамытудың мемлекеттік тұжырымдамасымен де тығыз байланысты.

Мақаланың негізгі идеясы, орта білім беру жүйесіндегі бастауыш терминологиялық тәжірибелерді интеграциялауды талқылау. Қазақстанда терминологиялық жұмыс (яғни, арнайы тілді оқыту) дәстүрлі түрде университетке, кәсіптік оқытуға және кәсіптік жағдайға бағытталған, ал орта білімге аз көңіл бөлінуде.

Талқыланғандай, терминологиялық корпусты білу студенттерге академиялық прогреске көмектесуі мүмкін, әсіресе екінші тіл мазмұндық пәндер үшін база ретінде пайдаланылады. Негізгі болжам студенттер күрделі ұғымдарды түсінуге қажетті когнитивтік дағдыларды дамыта алады.

Сондықтан терминологиямен жұмыс істеу бір жағынан жалпы білім беретін оқу бағдарламасы мен екінші жағынан университет және/немесе кәсіптік мектеп арасындағы алшақтықты жоюға көмектеседі, осылайша екеуінің арасындағы ауысуға, әсіресе ғылыми дискурсты түсіну тұрғысынан біртіндеп қол жеткізуге болады.

Мақалада үш негізгі педагогикалық аспектілер қарастырылады. Біріншіден, бұл әдістеме мектеп оқушыларын білімнің әртүрлі салаларынан терминологиялық бірліктерді іздеуге бағыттау мақсатында ұсынылды. Бұл үдерісте мұғалімнің рөлі қолайлы орта құру және арнайы мақсаттар үшін тілдің негізгі аспектілерін енгізу арқылы студенттердің белсенділігін арттыру болып табылады.

Екіншіден, ұсынылған әдістемені жүзеге асыру үшін қазақстандық онлайн-құралдар ұсынылды: Termincom және қазақ тілі ұлттық мәтіндік корпус.

Бұл әдіс мәтін жинақтарынан терминдерді автоматты түрде алу үшін

оқушыға бағытталған құрал немесе мұғалімдерге дидактикалық материалдарды әзірлеу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл сияқты компьютерлік тәсілдер әсіресе мектеп оқушылары үшін өзекті, өйткені олар тәуелсіз шешім қабылдауға үйретеді және цифрлық құзыреттілікті дамытады.

Үшіншіден, жалпы білім беретін пәндердің мазмұнын оқытудың негізі болатын терминологияны қамтитын нақты әдістерге қатысты дәлелдер айтылды. Сонымен қатар, визуалды презентациялар мен инфографикаға негізделген әдістер ұсынылып, бұл сабақта күрделі терминологиялық бірліктерді дамытуға түрткі болады.

Кәсіби бағытталған сөйлеу регистрін, ұсынылған әдістемелермен біріктірудің тағы бір маңызды артықшылығы – сыни тұрғыдан ойлау және сөйлесу қарым-қатынасы мұғалімнің минималды араласуын талап етеді.

Дегенмен, бұл мақаланың ауқымы шектеулі, өйткені ол мұғалімдерге оқу бағдарламасын жоспарлауды немесе оқушыларды бағалау жүйесін терең талдауды қамтамасыз етпейді. Болашақ зерттеудің тағы бір пәні – нақты орта білім беру контекстінде терминологиялық теория мен практиканы енгізуге қатысты мұғалімдерде кездесетін шектеулерді талдау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988
2. Анафинова М. Л. Международный дискурс и отраслевая терминология. Костанай. -2012. 206с. ISBN 978-601-227-140-9.
- 3.Эванс и Грин, 2007; Hyland & Tse, 2007, 2009; Уорд, 2009; Эванс и Моррисон, 2011; Cervetti et al., 2015; Межек и др. 2015.
4. Ahern, 2014; Goris et al. 2017г.
5. Т.Н. Хомутова. Язык для специальных целей LSP: вопросы теории. УДК 81'276.6.
6. Halliday M.A.K., MacIntosh A. and Strevens P. The Linguistic Sciences and Language Teaching. London: Longman, 1964 г.
7. Kennedy G. An Introduction to Corpus Linguistics, Longman, London and New York Kennedy, 1998:3.
8. Орманова А.Б., Анафинова М.Л., S.D. Atanasova-Divitakova. Corpus based research in terminology. Вестник КазНУ им. Аль-Фараби (серия филологическая), №4 2021г. стр.-109-120. ISSN 1563-0323, eISSN 2618-078 <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph10>
9. Акраса & Minaflinou & Afolabi, 2020: 20.
10. Порта Лингварум № 31, Энеро 2019, 126.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗЕРГЕРЛІК ЛЕКСИКА ТЕРМИНЖАСАМ КӨЗІ РЕТІНДЕ

С. ТАЖИБАЕВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
аударма теориясы мен практикасы
кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы*

Г. КОЖАХМЕТОВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Аударма ісі мамандығының докторанты*

Жер бетінде қанша халық болса сонша ұлттық дербестік бар. Қазіргі заманда «өткені жоқ елдің болашағы болмайды» деген сөздің мәнін әр халықтың өз тілін, тарихы мен мәдениетін терең зерттеп оны әрі қарай дамытуға бағытталуы деп түсінеміз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да біздің ұлттық рухымызды, дербестігімізді сақтап қалу мәселесін көтереді. Жаһандану кезеңінде цифрландыру қарқын алған қоғамда өз ұлттық құндылықтарымызды әрі қарай дамыту қажет, себебі әлеуметтік-мәдени, ұрпақ ауысуы сияқты өзгерістермен қатар кейбір құндылықтар жоғалып кетуі мүмкін.

Зергерлік сала – қазақ халқында ертеден келе жатқан кәсіптің бірі. Кеңес одағы кезеңінде қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын «ескіліктің қалдығы» деп есептеген коммунистік идеология салдарынан халықтың тұрмыс-тіршілігі өзгеріске ұшырап, ұлттық зергерлік өнерге деген сұраныс жойылды. Қазақ тілінің еркін дамуы шектелгендіктен зергерлік сала ұғымдары көбінесе диалектілік сипаттағы немесе қолданыс аясы шектеулі лексика дәрежесінде қалды. Көптеген зергерлік бұйымдар этимологиясы мен оларды жасау технологиялары ұмытыла бастады. Ал зергерлік сала бойынша мамандар көбіне өзге тілдегі оқулықтарды қолданғандықтан қазақ тіліндегі атаулар қолданыстан шықты. Зергерлікке байланысты қазақ тілінде қалыптасқан бұйым, құрал, әдіс-тәсілдер, өрнек атаулары да жетерлік. Кәсіби сөздерге жататын зергерлік сала лексикасын термин жасауда қолдану оның өрісін кеңейтеді.

Зергерлік сала және терминжасам

Қазақ дүниетанымын мәдениетаралық коммуникация контекстінде айқындау және таныту мәселесі қазіргі кезде ұлттық атауларды қолдану, бір жүйеге келтіру, мән-мағынасын анықтау мәселесіне әкеледі. Қазақ ұлттық қолөнері, соның ішінде зергерлік бұйымдар – өзіндік ерекшелігі бар өнер ту-

ындысы және біздің салт-дәстүрімізбен тығыз байланысты өз орны мен терең мәні бар халықтың материалдық құндылығы. Ерте заманнан бері тұрмыстың барлық салаларында кездесетін зергер жасаған бұйымдар адамның мәртебесін көрсетуші, бәле-жаладан қорғаушы, күш-қуат беруші, тазалықтың, отбасының қасиетті белгісі, әр аймақтың ерекшеліктерін көрсетуші т.б. ретінде қолданылды. Қазақ халқының санасында қалыптасқан өзіндік мағынасы, сипаты, ұғымы, қолдану ерекшелігі бар ұлттық бұйым атаулары ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, тұрмыс тіршілігін, тарихын басынан өткізді. Зергерлік бұйымдар барлық халыққа ортақ дүние болғанмен, оның жасалуы мен қолданысында әр халықтың өз ерекшелігі болады. Мысалы қазақ салтында терең тәлімдік мағынасы бар құдағи жүзік – құдағиға арналған бір немесе екі саусаққа қатар киілетін үлкен сақина, ал отауды бейнелейтін отау жүзікті қалыңдықтың саусағына кигізеді.

Мәдени құндылықтарының бірі болатын зергерлік өнер бойынша тарих-этнография салаларының белгілі мамандары Х.Арғынбаев, Ш.Ж. Тохтабаева, мәдениеттанушы А.И. Мамбетова, тіл білімі тұрғысынан Р.Н. Шойбеков т.б. ғалымдар зерттеу жүргізді [1]. Отандық зерттеушілердің зергерлік сала бойынша ұлттық тарихымыздағы құндылықтарды анықтау, жинақтау, олардың шығу тегі, сипаты, аталуы мен мән-мағынасы, семиотикасы бойынша еңбектері өте маңызды. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедияда зергерлік сала бойынша бұйымдар, құралдар, жасау әдіс-тәсілдері, мән-мағынасы туралы мәліметтермен қатар суреттер беріледі [2]. Сонымен қатар Қазақстан мұражайларында сақталған ұлттық жәдігерлер қазақ халқының зергерлік саланы ерте кезден меңгергенін айғақтайды.

Зергерлік кәсіптің қайта жаңғыру үрдісімен байланысты елімізде зергерлік бұйымдар жасаушы шеберлермен қатар, бірқатар өндіруші компаниялар («Amina Jewels Kazakhstan», «Ademi-ai», «Balausa jewelry», «Qazaq zerger» т.б.) пайда болды. Бұл саладағы өндірістің заман талабына сай дамуы, бәсекелестіктің артуы – заңды құбылыс. Отандық өндірушілердің зергерлік бұйымдары дүкендерде, интернетте көбінесе «қазақша әшекейлер» деп аталумен шектеледі. Қазақ тіліндегі зергерлік бұйым атауларына жасалған талдау нәтижесінде олардың жасалу әдісіне (өрме білезік), пішініне (жалпақ білезік), өрнегіне (бағдарлы сақина), жасалатын материалға (зер белбеу), орнатылатын тасына (ақық сырға), басқа бір затпен ұқсастығына (ай сырға), тағылатын дене мүшесіне (тамақ алқа), функциясына (неке сақинасы), қосымша элементіне (қоңыраулы шолпы), статусқа (датқалық белбеу), белгілі бір аймаққа (Адай сырға) қарай аталатынын көреміз.

Зергерлік өнер – даму барысында кәсіпке айналған қолөнер түрі [3, 136]. Көне заманнан бастау алатын кез келген кәсіп даму барысында өндірістік сипат алатыны белгілі. Қазіргі кезде ұзақ жылдар бойы назардан тыс қалған зергерлік кәсіп пен ұлттық зергерлік бұйымдарға деген сұраныс артып келеді. Қазақстан білім беру орындарында «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері», «Зергерлік іс» мамандықтары бойынша орта кәсіптік (<http://adilet.zan.kz>) және «Өнертану», «Сән өнері» мамандықтары бойынша жоғары білім алуға болады (<https://www.enbek.kz>). Соның ішінде тек зергерлік-филигран өндірісін алсақ білезік зергері, зергер, зергер бекітуші, зергер монтаждаушы, зергер оюшы, зергер филиграншы, зергер шынжыршы, зергерлік және көркемөнер бұйымдарын қарайтушы, зергерлік және көркемөнер бұйымдарының бөлшектері мен материалдарын дайындаушы, зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын жапсырушы, зергерлік және көркемөнер бұйымдарының қондырғыларын қырлаушы, қарайтылған күміс дайындаушы, қарайтылған күмісті егеулеуші, тас іріктеуші, филигранды негіз жасаушы, эмаль бойынша көркем суретші, эмаль бойынша фотобаспашы, эмальдаушы сияқты 18 кәсіптің түрі көрсетіледі.

Мамандар даярлаумен қатар сол салаға қажетті құрал саймандардың, технологияның, әдіс-тәсіл түрлерінің дамуы заңдылық. Зергерлік сала мамандары немесе осы кәсіп иелері қолданатын құрал-сайман, әдіс-тәсілдер атаулары, жасалатын материал, өрнек түрлері т.б. зергерлік терминдерді бір сала ретінде қалыптастыру қажеттігі артады. Зергерлік саланың дамуымен қатар жүретін ұғымдар мен атауларды нақтылаудың қажеттігі артқан қазіргі кезеңде этнографиялық еңбектер мен шығармаларда сақталған лексиканы қайта қолданысқа енгізудің маңызы өте зор.

Қазақ тілінде зергерлік лексиканы кәсіби лексикаға жатқызады. Зерттеуші Р. Н. Шойбеков қолөнер лексикасының біразы терминологиялық сөздіктерде кездесетінін және терминжасам тұрғысынан қарастыру қажеттігі және терминді теориялық жағынан зерттеудің бірі салалық терминдер жүйесін қалыптастыру туралы айтады. Себебі салалық терминдердің дұрыс қалыптасуы, олардың көпшілікке түсінікті болып, бірізділікпен қолданылуы тілдің дамуына әсер етеді [3, 144]. Осы орайда ғалым терминологиялық, аударма сөздіктердің маңызын атап өтеді.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсібінің қайта жаңғыру кезеңінде зергерлік сала лексикасын тек этнография мәселесі емес екендігіне және тек бұйым атауларымен ғана шектелмейтіндігі белгілі. Зергерлік сала лексикасын аударма жасауда осы салада қолданылатын металл өңдеу, көркемдеу және жасау әдіс-тәсілдерімен, құрал жабдықтармен т.б. байланысты негізгі терминдерді ана тілімізде қолдану маңызды.

Кәсіби сөздерді жинақтап, зерттеудің терминжасамға қатысы жөнінде Ш.Құрманбайұлы өзінің табиғаты жағынан терминдерге біршама жақын кәсіби сөздерді термин жасауда орнымен пайдаланудың ғылыми терминологияның ұлт тілі негізінде баю мүмкіндігін, әртүрлі кәсіпке қатысты сөздерді сала бойынша жинақтап, олардың өзіндік ерекшеліктерін нақты көрсетудің маңызын атап өтеді. [4, 122]. Зерттеушілердің айтуынша қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің едәуір бөлігін жалпы қолданыстағы сөздер құрайды [3, 146]. Байырғы кәсіби сөздерге жататын қолөнер лексикасы да терминдер қатарын толықтыратын лексикаға жатады деп айтуға болады, себебі олардың көпшілігі терминденуге бейім. Мысалы зергерлік сала бойынша терминдік сипат алған дәнекер, кіреуке, отқақ т.б. сөздерді атауға болады. Терминжасам көзі ретінде көркем әдебиет және басқа салалардағы еңбектерді пайдаланумен қатар халықтық терминдерді қолданысқа енгізу арқылы басқа тілден ұғым атауларын алуды азайтуға болады деген пікірлерді терминолог ғалымдар да қолдайды [4, 23, 582].

Қазақ тілінде берілетін мәліметтерде сала бойынша лексиканы қолдану мен оны түсіну қиындық келтірмегенмен, сол лексиканы өзге тілге аударған кезде тілімізде біраз терминдердің бірізділігі жетпей жатады. Ұлттық ұғымдарды өзге тілдерге аудару немесе тиісті баламасын табудың кей жағдайда сол ұғымдарды жан-жақты түсіндіруде жеткіліксіздігі мәселесі туындайды. «Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасында зергерлік сала көбінесе кен ісі және металлургия, мәдениет және өнер, химия, машина жасау, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, тарих т.б. сала терминдеріне кіреді, себебі зергерлікті аталған салалардың тоғысындағы кәсіп деуге болады. Аталған бірнеше салаға ортақ сөздер болумен қатар, зергерлік саланың өзіне қатысты мағынаға ие болатын сөздер де жетерлік. Мысалы қарайту немесе кавказдау, сымкептеу, аптау, күптеу т.б.

Зергерлік сала лексикасының ерекшелігінің бірі оның қатарында диалект, көне сөздер жиі кездеседі. Мысалы Р. Шойбековтың «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігінде» алтынмен булау, алтынға малу, алтын шаю, дан алқа сияқты көне сөздер, бақыр шайқау, деңмент, жастық тұмар, бұрғуыз сияқты диалект сөздер бар [5]. Әрине зергерлік кәсіпте қолданылатын сөздердің барлығын терминдер деуге болмайды, алайда өз тілімізде қалыптасқан ұғым атауларын өзге тілдегі зергерлік терминдерге балама ретінде қолдануға мүмкіндік бар.

Салалық ұғымдарды біріздендіріп, өзге тілдерде беріліп жүрген атауларды ана тілімізде қолданысқа енгізу қазіргі тіл мамандарының маңызды міндетіне айналды. Сондықтан зергерлік бұйымдар атауларын да салыстыра-салғастыра

зерттеу, олардың өзге тілдердегі баламасын қарастыру, терминдік тұрғыдан зерттеу жағына көп көңіл бөліну керек.

Қазіргі кезде зергерлік кәсіптің өндіріс салалары қатарынан көрінуі бұл саланың нақты ұғымдары туралы мәліметті қажет етеді. Кәсіби сала тұрғысынан қарайтын болсақ зергерліктің де өзіндік терминдік аппараты болуы шарт. Басқа халық тілдерінде болатын зергерлік саланың арнайы ұғымдары мен атаулары қазақ тілінде де жетерлік. Бұл атауларды бір жүйеге келтіріп, мүмкіндігінше қолданысқа енгізу маңызды. Осы орайда зергерлік сала терминдерін басқа тілдердегі баламаларын салыстыра отырып, терең зерттеу қажеттігі, қазақ тіліндегі зергерлік сала ұғымдарын басқа тілдерге аударуда тиісті баламасын табу мәселесі туындайды. Ұлттық зергерлік бұйым ерекшеліктерін беруде сипаттаумен қатар иллюстрациясын беру сөздің мағынасын түсінуге ықпал етеді. Қазіргі мұражайларда сақтаулы ұлттық жәдігерлер мен олардың бейнелері тілдегі атаулар мен олардың бейнесі арасындағы байланысын бере алады. Зергерлік сала лексикасын жүйелеп, жан-жақты қарастыру қазақ дүниетанымында қалыптасқан ұғым атауларын басқаларға танытуға зор ықпал етеді.

Зергерлік сала терминдерін қалыптастыруда аударма сөздіктердің маңызы

XX ғасырда аударманың ағартушылық және тілімізді байыту қызметі маңызды болса, бүгінгі ғылым мен техника дамыған заманда пайда болып жатқан мыңдаған жаңа ұғымдардың атауларын нақтылау қызметінің маңызы артып келеді. А.Алдашева өзінің еңбегінде аударманың мәдени-танымдық, эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік өркендеуіндегі қызметі мен рөлін анықтайды [6].

Аударма сөздің түрлі қырларын жаңа қызметтерін анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, өзге тілдерден келген сөздерді өз тілімізде қолдана отырып, ана тіліміздің мүмкіндіктерін дамытуда, салалық лексиканы қолданыс тіліне айналдыруда аударманың үлесі зор. Екінші жағынан, ана тілімізде бар ұғым атауларын қолданысқа енгізу, олардың тек музей мен этнографиялық материалдар көлемінде қалып қоймай, заманауи мәдени-танымдық, қоғамдық қолданыстағы қызметтерін арттыру – ең маңызды мәселелердің бірі. Аталған мәселелер ұлттық ұғымдарды әлемдік деңгейде көрсете алатын дұрыс аудармалар қажеттігін көрсетеді. Ұлттық құндылықтарды аударуда ең алдымен аудармашының сол ұлтқа тән ұғымдар туралы толық білімі мен фондық білімнің болуы шарт. В.С. Виноградов фондық ақпараттың сол ұлттың материалдық мәдениетін, этнографиялық фольклорлық ұғымдары сияқты реалияларын қамтитынын атап көрсетеді [7]. Демек, ұлттық құндылықтарды

сапалы аударуда ең алдымен ұғымдар туралы мәліметті анықтап, жүйелеп, олардың ерекшеліктеріне мән беру қажет. Этнографиялық реалияларды аудару тура баламаларды іздестіру ғана емес, мәдени сәйкестікті, концептіні зерделеу, түпнұсқадағы ұлттық және тарихи колоритті аударма тіліндегі құралдар арқылы пішінін, мазмұнын жеткізуден тұратын күрделі ойлау үдерісі болады [8]. Ұғымдардың өзге тілдегі баламасын табу, ал баламасыз лексиканы сипаттаумен қатар иллюстрация арқылы беру сияқты әдістерді қолдану аударманың сапалы болуына ықпал етеді.

Зергерлік бірнеше саланың тоғысындағы кәсіп болғандықтан металл өңдеу, көркемдеу, әдіс-тәсілдермен т.б. байланысты негізгі терминдердің бірнеше сала бойынша синонимдік қатары аудармашының дұрыс семантикалық эквивалентті түсініп таңдауы мәселесіне әкеледі. Зергерлік сала лексикасының өзге тілдегі аудармасына назар аударатырып, төмендегі мәселелерді кездестіреміз:

- терминнің бірнеше баламасы болғандықтан нақтылаудың қиындық келтіруі;
- өзге тілде термин қолданылатын сөздің қазақ тілінде жай түсіндірме арқылы берілуі;
- қазақ тілінде баламасы бар орыс тіліндегі сөздерді жалғау жалғап өзгеріссіз қолдану.

Ғалым Ө.Айтбайұлы кәсіби сөздердің терминденуінде сол саланың түсіндірме, аударма сөздіктерінің артықшылықтарын атап өтеді [9, 70]. Орыс, ағылшын, түрік тілдерінде зергерлік лексика сөздіктерде зергерлік саланың жеке терминдері ретінде беріледі («Англо-русский Русско-английский словарь Геммология и ювелирное производство», Красноярск, 2007, Mehmet Zeki Kuşoğlu. «Türkçe Kuyumculuk Terimleri Sözlüğü», Ötüken Neşriyat, 2006).

Қазақ тіліндегі зергерлік бұйымдар атауларының ұлттық-мәдени ерекшелігін басқа халықтардың дүние бейнесі тұрғысынан салғастыра зерттеу және оның аудармадағы ерекшелігін анықтау, зергерлік бұйымдар атаулары, терминдері мен тіркестердегі семантикалық сәйкестік пен баламалылық ережелеріне сай көптілді тезаурустар құрастыру қажеттігіне әкеледі. Тезаурус тек атауларды беріп қана қоймай, оны анықтау, түсіндіру сияқты бірнеше сөздіктің қызметін атқара отырып, жүйе ішінде семантикалық байланыстарды қамтамасыз етеді. Көптілді тезаурус құрастыру мәселесін М.Фаал-Хамеданчи [10], А.А. Прошина [11], А.Ю. Шевцова [12] сияқты ғалымдар қарастырды. Электрондық тезаурус құрастыру мәселесін отандық ғалымдар арасынан М.Самбетбаева [13], А.Нугуманова [14] зерттеді.

Салалық терминологияны зерттеп жүрген жас ғалым А.Баекеева термин-

дердің өзге тілдегі балаламаларын арнайы веб-платформада орналастыру мәселесін қарастырады [15]. Бұл веб-платформа Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен терминдер тезаурасын жасаумен айналысқан РҒА Сібір бөлімшесі Есептеу технологиялары институты (Новосибирск) арасындағы біріккен жоба аясында жүзеге асырылды. Платформа салалық терминдер бойынша ақпаратты іздеп табуға, мәліметті дүниежүзілік деректер қорынан табуға мүмкіндік береді. Басқа салалар сияқты зергерлік сала бойынша ұлттық ұғымдардың мән-мағынасын түсінуге, өзге тілдерге сапалы аударуға мүмкіндік беретін мұндай электрондық сөздік/тезаурустардың артықшылықтары көп. Басқа салалармен қатар зергерлік сала бойынша да көптілді тезаурус құрастырудың зергерлік терминдердің қазақша баламасын қолдануда, кірме терминдердің санын азайтуда, қазақ тілі корпусын жетілдіруде үлесі зор.

Ұлттық ұғымдар аудармасы қазіргі заманның талабы болып саналатын сандық жүйеге көшу кезінде көбіне калькалау жолымен жасалып, семантикасы жоғалу мәселесіне байланысты еліміздің ғылым және білім саласында сөздіктер, глоссарийлер мен тезаурустар құрастырудың жаңа формалары қажет. Ұлттық құндылықтар қатарындағы зергерлік бұйым атауларының аудармасын жүйелеу мақсатында электрондық сөздік құру салалық терминдерді қалыптастырып дамытуға, халқымыздың мәдениеті мен материалдық дүниесінің аудармасын жандандыруға, тілімізді насихаттауға мүмкіндік береді және аударманың түрлі мәдениеттер арасындағы «алтын көпір» қызметінің маңызын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987., Тохтабаева Ш. Ж. Казахские народные женские ювелирные украшения XVIII-XX веков. Дис. на соискание ученой степени канд. ист. наук. Алма-Ата: Институт истории, археологии и этнографии имени Ч. Валиханова АН Казахской ССР, 1984, Мамбетова А. И. Семиотика ювелирных украшений в традиционной культуре Казахстана. Дис. на соискание ученой степени канд. культурологии. Санкт-Петербург, 2015, Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы - Алматы: Қазақстан, 1993. 190б.

2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1178719&lang=kk>

3. Шойбеков Р. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Фил. ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2006. -307 б.

4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік библиография. Алматы: «Сардар», 2014. -952 б.

5. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1991. -88б.

6. Алдашева А. Аударматану: (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер) – Алматы: «Арда», 2006. – 248б.

7. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. – М.: Издательство МГУ, 1978 г. – 174 с.

8. Абдуллаева Ж. Көркем мәтіндегі ұлттық колоритті жеткізу мәселесі <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/1038>

9. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері Алматы: «Абзал-ай», 2013. -400б.

10. Фаал-Хамеданчи М. Тезаурусное представление терминов нефтегазовой отрасли в русском и персидских языках: Автореф. дис. на соискание ученой степени канд. филолог. наук: 10.02.20 / Фаал-Хамеданчи Марьям; М.: Российский университет дружбы народов, 2010. - 18 с.

11. Прошина А.А. Моделирование двуязычного словаря-тезауруса по экономике: Автореф. дис. на соискание ученой степени канд. филолог. наук: 03.00.13 / Прошина Александра Александровна; Уральский государственный технический университет-УПИ. –Екатеринбург, 2008. – 23 с.

12. Шевцова А.Ю. Моделирование нормативного двуязычного словаря-тезауруса терминов авиационной экологии: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук / Шевцова Анна Юрьевна; Тюменский государственный университет. - Тюмень, 2014. - с. 24

13. Самбетбаева М.А. Ғылыми білім беру қызметін қолдауға арналған ақпараттық жүйе үшін ақпараттық технологиялар бойынша қазақ тілі морфологиясын ескере отырып көптілді тезаурус жасау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана, 2016.

14. Нугуманова А.Б. Предметно-ориентированные модели и методы распределенного поиска, обработки и анализа текстовой информации в сети Интернет [Electronic resource]: диссертация на соискание ученой степени доктора философии: 6D07030 «Информационные системы», 2014.

15. Баекеева А.Т. Қазақ тіліндегі тау-кен терминологиясының қалыптасуы және ағылшын, орыс тілдеріне аударылу ерекшеліктері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: 2021. – 163 б.

МАЗМҰНЫ

РЕСМИЕТ

Қаулылар.....	3
Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы.....	8
Мемлекеттік терминология комиссиясының шешімі.....	9

КӨКЕЙКЕСТІ

<i>Ш.Құрманбайұлы.</i> Өзге тілде жазатын ғалым ешқашан қазақша термин жасамайды.....	46
<i>Ш.Жалмаханов.</i> А.Байтұрсынұлының әдебиеттану мен тілтану ғылымдарында жасаған пәндік атаулары.....	53
<i>Б.Әбдуәлиұлы.</i> Түркілік ортақ терминдерді қалыптастыру мәселелері...	56
<i>Н.Әшімбаева.</i> Ахмет Байтұрсынұлының өміршең терминдері.....	62
<i>С.Әлісжан.</i> Термин қалыптастыру тәжірибесінен.....	65

ТӘЖІРИБЕ

<i>Қ.Тұрсын.</i> Мемлекеттік тілдегі заңнама терминдері.....	72
<i>С.Итегулова.</i> Қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін ұтымды пайдалану.....	84
<i>М.Анафинова.</i> Терминологиялық лексиканы оқытудың интеграциялық әдісі.....	90

КӨЗҚАРАС

<i>С.Тәжібаева, Г. Қожахметова.</i> Қазақ тіліндегі зергерлік лексика терминжасам көзі ретінде.....	97
---	----

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**
Жауапты шығарушы **С. Әбілмәжін**
Корректор **А. Бақытбек**
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған
С. Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 16.11.2022 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 25.11.2022 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 8.6